

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

**Қазақстандағы жас отбасылардың
әлеуметтік бейімделуі**
*әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша
талдамалық баяндама*

Астана, 2017

Қазақстандағы жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуі/ Р.Р.Аюпова, А.С.Кайдарова, Г.М.Султабаева, З.Т. Алинова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 86 б.

«Қазақстандағы жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуі» атты баяндама әлеуметтік зерттеулер нәтижесі негізделіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсыры бойынша дайындалған. Баяндамада жастар арасындағы ажырасудың себептері, жас ерлі-зайыптылардың қандай қиындықтарға тап болғандықтарын, отбасындағы қатыгез қарым-қатынас фактілерін талдау және жас отбасыларға мемлекеттік қолдау сияқты т.б. өзекті мәселелерді қарастырылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2017

МАЗМҰНЫ

	Бет
Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы	4
1. Зерттеудің әдістемелік бөлігі	4
Мәселелі жағдайдың түсініктемесі	4
Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері	5
Зерттеу объектісі мен мәнісі	5
Негізгі ұғымдар интерпретациясы	6
Зерттеу гипотезасы	6
2. Зерттеудің әдістемелік бөлімі	7
Іріктелген жиынтық көлемі	7
Ақпарат жинау әдістемесі	8
Ақпаратты өңдеу әдістемесі	8
Ақпаратты талдау әдістемесі	9
1-тарау. Жастардың құндылыққа қатысты көзқарастары және өмірлік ұстанымдары	10
2-тарау. Денсаулық жағдайы мен СӨС қалыптасу ахуалын бағалау	25
3-тарау. Жастар мен жас отбасылардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру	29
4-тарау. Жас отбасылардың мәселелері	32
5-тарау. Жастар арасындағы ажырасу себептері	36
6-тарау. Отбасындағы қатыгездік мәселелері	41
7-тарау. Қазақстандағы жас отбасын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы	47
Қорытынды	54
Қосымша	59

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІГІ

Мәселелі жағдайдың түсініктемесі

Қоғамдағы отбасының рөлінің маңыздылығын басқа ешбір әлеуметтік институтпен салыстыруға келмейді, себебі, адамның тұлғалық сипаты отбасында қалыптасады, әлеуметтік рөлді меңгеру негіздері тұлға бойына отбасында сіңіріледі, бұл адамның әлеуметтік ортаға оңай бейімделуін қамтамасыз етеді. Отбасы ең алғашы тәрбиелік институт болып табылды, адам онымен өмір бойы тығыз байланыста болады. Қазақстанда отбасы институты 1990 жылдардағы қиыншылыққа қарамастан басты назарда ұсталды. 1995 жылы-ақ ҚР Президенті жанында отбасы мен әйелдер мәселесі және демографиялық саясат жөніндегі Кеңес құрылып, 1998 жылы ҚР Президенті жанындағы отбасы және әйелдер мәселесі жөніндегі Комиссия болып түрленді. Ал қазіргі кезде отбасы саясаты мәселесіне қатысты тақырыптық пікірталастар басқа сипатта болып отыр.

Отбасы әлеуметтік институт болғандықтан қоғамның ықпалына ұшырғыш келеді, даму перспективалары, әлеуметтік құндылықтардың өзгеруі тұрғысынан алғанда жас отбасы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістердің маңызды факторы болып саналады. Жас отбасыларының дамуы бастау алғанда көптеген әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтарға кездеседі. Көптеген жағдайда жастар отбасылық өмірдің алғашқы жылдарында-ақ ажырасады, дәл осы кезде отбасылық бақыт пен құндылықтарды барынша қорғау керек. Бұл көптеген себептерге байланысты: жас жұбайлардың бір-біріне және отбасылық өмірге бейімделмеуіне, материалдық жағдайдың олқылығына, ерлі-зайыптылардың некеге психологиялық тұрғыдан дайын болмауына.

Жастар арасындағы неке саны азаюда, соның ішінде заңды түрде тіркелген некелер де бар. ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі Комитетінің деректері бойынша 2015 жылы жасы 14-28 аралығындағы жастардың 213 101 некесі тіркелген, 2014 жылы бұл көрсеткіш 231 191 болған, ал 2013 жылғы неке саны 248 374 болды. Жастар арасындағы ажырастырылған неке саны 2015 жылы 31 091 болып, 2015 жылы бір ажырасу айғағына 6,85 некеден келген. Алдыңғы жылдармен салыстыратын болсақ, 2014 жылы ажырастырылған неке 7,24, 2013 жылы 8,06. Бұл отбасылық қарым-қатынастың беріктігіне түсініспеушілік, психологиялық үйлесімсіздік, отбасылық өмірдегі сенімнің жоқтығы, ерлі-зайыптылардың білім деңгейі мен әлеуметтік мәртебелерінің тең болмауы, жас жұбайлардың бірінің немесе екеуінің де тұлғалық ашуға бой алдырғыштық қасиеті, некеге дейінгі жүктілік, ішімдікке салыну сияқты жағдайдардың деструктивті әсер ететіндігін білдіреді.

Некенің көпшілігі 20 және 24 жас аралығында қиылады, ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі Комитетінің мәліметтеріне сай күйеу жігіттер саны 2015 жылы 47 820 болса, келіншектер саны 68 491 болған. Жастардың көпшілігі бұл

жаста студент болып табылады, ал бұл жас отбасылардың басым көпшілігінің студенттік отбасы болып келетіндігін білдіреді. Өкінішке қарай дәл осы жастағы жас отбасылар арасында ажырасу жағдайы жиі кездеседі. 2015 жылы 20-24 жастағы 3036 ер адам және 7360 әйел адам ажырасқан. Осыған қарап, жас студенттік отбасында өз бетінше шеше алмайтын қиыншылықтар салдарынан ажырасу санының артатындығын аңғаруға болады.

Бұл зерттеудің мақсаты жастардың отбасын құру, оның негізгі мәселелері мен жас жұбайлардың отбасылық өмірге әлеуметтік бейімделуі туралы көзқарастары мен пікірлерін анықтау болып табылады.

Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеушілік **міндеттердің орындалуы тиіс:**

- жас қазақстандықтар үшін аса маңызды құндылықтарды анықтау;
- жастар арасындағы отбасылық құндылық ерекшеліктерін анықтау;
- бүгінгі жастардың неке қиюдағы негізгі мотивтерін анықтау;
- заманауи қоғамдағы жас отбасылардың әлеуметтік мәселелерін анықтау;
- жастардың отбасын құру кезіндегі аса өзекті әлеуметтік мәселелерінің рейтингін анықтау;
- жас отбасының заманауи жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтау;
- жастардың ажырасуының негізгі себептерін анықтау;
- жас отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау;
- жастар арасындағы ұлтаралық некеге қатысты жағдайды бағалау;
- жастардың отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты көзқарастарын анықтау;
- мүдделі мемлекеттік органдар үшін жас отбасыларды қолдауға арналған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – жастардың отбасын құруға және неке қиюға қатысты пікірлері. Жастар – 14 жасқа толған және 29 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары, әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ.

Зерттеу мәнісі – жас жұбайлардың отбасылық өмірге әлеуметтік бейімделуі жас отбасының мәселесі ретінде.

Негізгі ұғымдар интерпретациясы

Жастар – он төрт жасқа толған және жиырма тоғыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары. Жастар – бұл әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ: балалық шақ пен жастық шақтың әлеуметтік жауапкершілікке ауысу кезеңі. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам белгілі жеңілдік бере отырып әлеуметтік қалыптасуларына мүмкіндік беретін, бірақ әлеуметтік салаларыға белсене ат салысу мүмкіндігін шектейтін жас тұлғалар топтамасы деп түсіндіреді.

Құндылық ұстанымдары – адам санасындағы ол өмірдегі стратегиялық маңызды мақсат және жалпы дүниетанымдық қағидат деп танитын құндылықтар сипаты.

Отбасы— ерлі-зайыптылар (әкесі мен шешесі) және олардың басы бос балалары (туған немесе асырап алған) арасындағы тең құқықты, рухани және тұрмыстық ортақтастыққа негізделген ерікті одақ. Отбасы неке, қандық туыстық, асырап алушылық негізінде, сонымен қатар қоғамның моральдық ұстанымдары қайшы келмейтін, заңда тыйым салынбаған негізде құрылады.

Неке немесе некелік одақ, қоғам реттейтін және көптеген елдерде неке жасына толған тұлғалардың арасындағы отбасылық байланыс тиісті органдарда тіркелетін, олардың бір-біріне қатысты құқықтары мен міндеттемелерін, сондай-ақ ерлі-зайыпты жұптың балалары болса, олардың балаларына қатысты құқықтар мен міндеттемелерді тудыратын ерлі-зайыптылық.

Әлеуметтік бейімделу – индивидтің әлеуметтік ортаға белсенді түрде бейімделу үрдісі, тұлғаның әлеуметтік ортамен әрекеттесу түрі.

Ажырасу – тірі ерлі-зайыптылар арасындағы жарамды некенің формальді түрде тоқтатылуы (бұзылуы).

Зерттеу гипотезасы

Бүгінгі таңда жастар арасындағы отбасылық құндылық пен отбасылық өмір салтының маңыздылығының төмендеу тенденциясы байқалуда. Жастар неке қиғысы келмейді, отбасын құрған күннің өзінде азаматтық некені таңдайды, себебі осылай қолайлы. Жас жұптар өте нәзік және жиі айырылысып жатады, бұл қаржылық-материалдық тұрғыда ешқандай шусыз және ауыртпашылықсыз айырылысуға мүмкіндік береді.

Баспана мәселесі мен қаржылық тұрақсыздық жастардың отбасын құруға деген ниеттерін тежейді немесе ажырасуының негізгі себебі болып табылады, осыған байланысты елдегі демографиялық дағдарыс өршиді.

2. ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІГІ

Іріктелген жиынтық көлемі

Зерттеу мақсаттары үшін іріктелген жиынтық көлемі 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтік зерттеу территориясы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін қамтиды – республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық. Зерттеуде стратталған көп сатылы іріктеу қолданылды. Бастапқыда, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы халық санына сай елдің 16 өңірі бойынша іріктеу көлемі анықталды. Әрі қарай әрбір облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемдері есептелді.

1-кесте. Жоба бойынша іріктелген жиынтық, адам

	Барлық тұрғын			Қалалық тұрғындар			Ауылдық тұрғындар		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1006	994	1145	560	585	854	446	408
Ақмола облысы	79	41	38	36	18	18	43	23	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	20	18
Алматы облысы	211	108	103	49	25	24	162	84	78
Атырау облысы	68	35	33	31	15	16	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	71	36	35	35	17	18	36	19	17
Жамбыл облысы	122	62	60	48	24	24	74	38	36
Қарағанды облысы	149	75	74	117	58	59	32	17	15
Қостанай облысы	96	49	47	51	25	26	45	23	22
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	32	17	15	40	20	20
Оңтүстік Қазақстан облысы	340	173	167	150	75	75	190	99	91
Павлодар облысы	78	39	39	55	27	28	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	55	29	26	26	13	13	29	16	13
Шығыс Қазақстан облысы	144	73	71	91	45	46	53	29	24
Астана қаласы	101	48	53	101	48	53	-	-	-
Алматы қаласы	223	103	120	223	103	120	-	-	-

* ҚР ұлттық экономика Министрлігінің статистика жөніндегі Комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша.

Бұл зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңмен жүзеге асырылды: іріктеудің ықтималдық дизайны пайдаланылды. Іріктеудің ықтималдық дизайны – кез-келген тұлға (14-29 жас аралығындағы) сабақтастық ауқымында талдау үшін тең мүмкіндікке ие болатындай қалыптастырылды. Зерттеуде страталанған көп сатылы іріктеу қолданылды. Негізгі страта ретінде төменде көрсетілген сатылар алынды:

1-саты. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеу – жасы 14-29 аралығындағы халық санына сүйене отырып іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды: Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі анықталды.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әр елді мекен бойынша кездейсоқ амалмен сапар бағытының бастапқы нүктесі мен респонденттер саны анықталды.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүктеден басталатын сапар бағыты бойынша «сол қанат» ережесіне сай үй шаруашылықтары іріктелді.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке үй шаруашылықтары бойынша респонденттер екі белгі бойынша іріктелді: жынысы мен жасы (жыныстық-жастық квота бойынша). Респондент жасының 14 төмен, 29 жоғары болмауы керек, жынысы бойынша репрезентативтік өкілдік талабы сақталды (сауалнама жүргізілген ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала және ауыл бойынша статистика жөніндегі Комитет деректеріне сай есептелді).

Қолданылған іріктеу репрезентативті болып табылады, демек, белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі сабақтастықтағы сәйкес пропорцияларға жуық (статистика жөніндегі Комитеттің 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Іріктеу сабақтастығының орташа сипаттаманың негізгі сабақтастық сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5\%$ артық емес.

Ақпарат жинау әдістемесі

Бастапқы әлеуметтік ақпараттарды жинауда жасы 14-29 аралығындағы жастарға «face-to-face» әдісімен жүргізілген жалпылай сауалнама амалы пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан жастары ортасында қалыптасқан жағдай бойынша неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді.

Жалпылама сауалнама жүргізу төңірегінде ақпарат жинау көбіне респонденттердің тұрғылықты жерлері (пәтерлік сауалнама), оқу/жұмыс орны/жұмыспен қамту орталығы (қажетті топты неғұрлым жылдам табу және сауалнамаға қатыстыру мақсатында) бойынша жүргізілді.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір және екі өлшемдік кестелер, корреляциялық талдаулар лицензияланған компьютерлік SPSS 21 бағдарламасының көмегімен дайындалды.

Ақпаратты талдау әдістемесі

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістемесі:

- 1) деректердің бір өлшемдік талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемдік талдауы;
- 3) корреляциялық талдау болды.

1-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ

Отбасы дәстүрлі түрде бала тәрбиесі мен оның әлеуметтенуінің басты институты болып табылады. Отбасында рухани-өнегелік құндылықтар қалыптасады, отбасылық дәстүр негіздері тұлға бойына сіңіріледі, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қалыптасады. Дәстүрлі отбасы қашан да рухани-өнегелік дінгеімен, өзара сыйластығымен және отбасы мүшесінің әрқайсысы үшін зор жауапкершілігімен, үлкендерге көрсететін ізет-құрметімен ерекшеленген. Бұл туралы елбасы Н.Ә. Назарбаев та «Мерейлі Отбасы» ұлттық байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанатында ой қозғап, тастанды балалар мен қарттар үйіндегі ақсақалдар қатарының артуына алаңдайтындығын айтқан.

Отбасы институтының әлсізденуі, адамның өмірдің мәніне қатысты көзқарасының трансформацияға ұшырауы, жауапкершілік, адалдық сияқты ұғымдарға қатысты түсініктің өзгеруі ғасырлар бойы қалыптасқан ғұрыпты бұзып, көптеген әлеуметтік қиыншылықтарды ушықтырып отыр: мәселен, жастар арасындағы ажырасудың жиілеуі, ерте ана атану мәселесі мен әлеуметтік жетімдік мәселесі, қарттар үйіне тапсырылатындар қатарының артуы.

Жоғарыда айтылғандай, сауалнамаға 14-29 жас аралығындағы тұлғалар (қалалық және ауылдық тұрғындар) қатысты, олардың 39,3% некеде тұрғандар, өздерінің отбасылары бар (38,1% үйленген немесе тұрмыста, 1,2% азаматтық некеде, бірге тұрады), сәйкесінше, сауалнамаға қатысқан жастардың үштен екі бөлігі сауалнама жүргізген кезде тұрмыста болмады немесе үйленбеген болды (57,6%), ажырасқандар (2,5%) немесе жесір қалғандар (0,2%).

Зерттеудің барлық нәтижелері сауалнамаға қатысқан жастардың отбасылық жағдайы жіктелімінде ұсынылатын болады, осылайша, қарым-қатынастары қалыптасқан (некедегі) жастар немесе отбасы (ері/зайыбы, баласы жоқ) жастар арасындағы көрсеткіштер бойынша салыстырмалы баға беріледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша жастар өздерінің қазіргі кездегі жағдайларын барынша жақсы бағалайды. Мәселен, сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бір бөлігінен көбі (32,2%) өз өмірлерін керемет деп санайды. Өз өмірлеріне жоғары баға беретіндер (33,7%) некеде емес.

Жас ерлі-зайыптылардың да өздерінің өмірлеріне беретін бағасының жақсы екенін айта кету керек (сауалнамаға қатысқандардың 29,9% «менің өмірім керемет» деген жауап нұсқасын таңдаған), Бірақ, олар өздерінің өміріне қатысты сыни пікірді жиі айтады (2-кесте).

2-кесте. «Сіз өзіңіздің ағымдық өміріңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Менің өмірім керемет	32,2	29,9	33,7
Менің өмірім айтарлықтай жақсы	37,0	36,9	37,1
Менің өмірім жақсы шығар	21,8	24,0	20,4
Менің өмірім жақсы да емес, жаман да емес	7,1	7,1	7,1
Менің өмірім жаман шығар	1,1	1,4	1,0
Менің өмірім айтарлықтай жаман	0,4	0,4	0,4
Менің өмірім төзгісіздей жаман	0,1	0,1	0,2
Жауап бере алмаймын	0,1	0,1	0,2


Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, өмірлік жағдайға берілетін баға жас ерекшелігіне (жігіттің немесе қыздың) тікелей әсер етеді. Осылайша, жасы неғұрлым үлкен болса ағымдық өмірлік жағдайына көңілінің толуы соғұрлым төмен, сұрақ жауабының «менің өмірім жақсы да емес, жаман да емес», «менің өмірім жаман шығар», «менің өмірім жаман» нұсқалары жиі аталады (3-кесте).

3-кесте. «Сіз өзіңіздің ағымдық өміріңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Менің өмірім керемет	40,2	33,6	27,2
Менің өмірім айтарлықтай жақсы	38,5	38,1	35,6
Менің өмірім жақсы шығар	15,9	20,4	25,7
Менің өмірім жақсы да емес, жаман да емес	3,7	6,9	8,9
Менің өмірім жаман шығар	0,6	0,8	1,6
Менің өмірім айтарлықтай жаман	0,6	-	0,5
Менің өмірім төзгісіздей жаман	0,4	-	0,1
Жауап бере алмаймын	-	0,2	0,2

Сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі ең маңыздысы өзінің денсаулығы мен (70,8%) отбасының, балаларының, жақындарының денсаулығы (67,3%) деп санайды. «Сіз үшін ең маңыздысы не?» сұрағының жауаптарының басқа нұсқалары жинаған көрсеткіштер төменірек. Үшінші орында жауаптың «достар» нұсқасы тұр, оны сауалнамаға қатысқандардың 27% белгілеген. Материалдық игілік пен ақшаны сауалнамаға қатысқандардың 21,2% белгілеген. «Махаббат және сүйікті адам» нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың (15,9%) таңдаса, «жақсы білім алу және біліктілікті меңгеру» нұсқасын (14,1%) таңдаған, «Отанға қызмет ету» нұсқасын (5,1%) және «құқықтар мен бостандықтардың сақталуы» нұсқасын (2,4%) таңдаған (1-диаграмма).

1-диаграмма. "Сіз үшін ең маңыздысы не?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Отбасылы және отбасылы емес жастар арасында осы сұраққа алынған жауаптарға келетін болсақ, көрсеткіштер мынадай: отбасылы жастар ең алдымен «отбасы, бала-шаға, ата-ана» нұсқасын (78,6%), екіншіден – жеке денсаулық пен жақындардың денсаулығы» нұсқасын (74,0%) және үшінші кезекте – «ақша және материалдық игілік» нұсқасын (24,7%) таңдайды. Отбасылы емес жастардың өмірлік құндылықтарының құрамы өзгешелеу – бірінші орында «денсаулық» (68,6%), екінші орында – «отбасы, бала-шаға және ата-ана» (59,9%), ал үшінші орында «достар» (31,7%).

Ал «жақсы білім алу, біліктілікті меңгеру» нұсқасын отбасылы жастардың тек 6,7% және сауалнамаға қатысқан отбасылы емес жастардың 18,9% ғана белгілегендігін айта кету керек. Өзін-өзі таныту мен тұлғалық өсу отбасылы емес жастар (16,1%) үшін маңызды, отбасылы жастармен салыстырғанда (12,0%).

Жауаптың «Махаббат және сүйікті адам» нұсқасын сауалнамаға қатысқан отбасылы жастардың 19,7% таңдаса, отбасылы емес жастардың 13,5% таңдаған (4-кесте).

4-кесте. "Сіз үшін ең маңыздысы не?" сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Жеке бастың денсаулығы, жақындардың денсаулығы	74,0	68,6
Отбасы, бала-шаға, ата-ана	78,6	59,9
Достар	19,8	31,7
Лауазымдық мансап, жоғары біліктілік	15,1	18,1
Ақша, материалдық игілік	24,7	18,9
Махаббат, сүйікті адам	19,7	13,5
Жақсы білім алу, біліктілікті меңгеру	6,7	18,9
Өзін-өзі таныту, тұлғалық өсу, мақсатқа қол жеткізу	12,0	16,1
Отанға қызмет ету	4,1	5,8
Салт-дәстүрлерді сақтау	4,5	3,5
Дін, діни наным	3,6	4,0
Құқықтар мен бостандықтардың сақталуы	2,2	2,6
Сүйікті іс	-	0,1
Жауап бере алмаймын	0,1	0,2

Деректерге қарайтын болсақ, респонденттердің 58,9% мінсіз отбасы деп ең алдымен толық отбасын санайды (5-кесте).

Екінші орынға респонденттер адалдықты шығарып отыр, демек, жастар отбасында ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген адалдықты сақтауы аса маңызды деп санайды – 30,3%. Отбасылық жағдай жіктелімі бойынша бұл тіркелген некеде тұрған респонденттер үшін аса маңызды – 33,3%.

Ері отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне, ал зайыбы үйдегі береке мен тәртіпке жауапты болып табылатын отбасындағы міндеттердің тең бөлінуін сауалнамаға қатысқандардың 28,8% таңдаған.

Отбасылы жастар үшін ең алдымен мінсіз отбасы екі ата-ана бар отбасы (57,3%), екіншіден – ері материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз ететін, ал әйелі үй тірлігімен айналысатын отбасы (33,7%).

Ал әзірге отбасы жоқ жастар өзгеше пікірде. Мінсіз отбасы – толық отбасы (59,9%) және үлкендерге құрметпен қарау қалыптасқан отбасы (30,0%).

5-кесте. «Сіздің ойыңызша «Мінсіз отбасы» – бұл ең алдымен қандай отбасы?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)


	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Толық отбасы, демек, екі ата-ана бар отбасы	58,9	57,3	59,9
Үлкендерге құрметпен қарау қалыптасқан отбасы	27,3	23,2	30,0
Ерлі-зайыптылар некесі ресми тіркелген отбасы	11,6	11,7	11,6

Ері отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне, ал зайыбы үйдегі ырыс пен тәртіпке жауапты болып табылатын отбасы	28,8	33,7	25,6
Ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдық сақтаған отбасы	30,3	33,0	28,6
Ерлі-зайыптылар бір-біріне тәуелсіз және тең құқылы отбасы	8,6	9,5	8,1
Көп балалы отбасы	8,1	9,3	7,3
Бір немесе екі баласы ғана бар отбасы	3,4	3,4	3,5
Өмір бойы бірге болуға ұмтылатын отбасы (отбасын сақтау)	25,3	27,6	23,9
Әжелер мен аталар немерелерімен бірге тұратын отбасы	9,2	6,9	10,8
Мінсіз отбасы болмайды	6,8	7,4	6,4
Барлық жақындардың дені сау отбасы	-	-	0,1
Діни наным берік отбасы	-	-	0,1
Жауап бере алмаймын	1,0	0,3	1,5

Қазақстандық жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, сауалнамаға қатысқан 14-29 жас аралығындағы жастардың жартысынан көбі қазақстандық отбасында ең басты тұлға әке (58,1%) деп санайды, ананың басты болуы керек деп 2,3% ғана көрсеткен.


Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі әке мен ананың құқықтары мен міндеттерінің тең болуы керек деген пікірді ұстанған (30,8%) (2-диаграмма).

2-диаграмма. «Сіздің ойыңызша отбасында кімнің «басты» болуы керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жалпы, сауалнама нәтижесі көрсеткендей, жастардың отбасылық мәртебелері «отбасында кімнің басты болуы керек» сұрағының жауаптарына әсер етпейді (3-диаграмма).

3-диаграмма. «Сіздің ойыңызша отбасында кімнің «басты» болуы керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Дәстүрлі түрде қазақстандық қоғамда отбасындағы «табыскер» ер адам, ал әйел адам «отбасы берекесін сақтаушы» болып табылады. Дегенмен, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан астамы отбасында ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыс табуы керек (51,9%) деген, ал 44,4% тек ер адамның табыскер болуы керек деп санайды.

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі балаларға қамқорлық пен олардың тәрбиесі үшін ерлі-зайыптылардың екеуі де жауапты деп санайды – 84,3% (6-кесте).

6-кесте. «Сіздің ойыңызша отбасында ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қандай міндеттер атқаруы тиіс?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Ері	Зайыбы	Ерлі-зайыптылардың екеуі	Жауап бере алмаймын
1) Балаларға қамқорлық, олардың тәрбиесі	2,1	12,6	84,3	0,9
2) Үй шаруасы	1,5	48,0	49,5	1,0
3) Ақша табу	44,4	1,3	51,9	2,3

Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің пікірі бойынша жастардың некеге тұрып, отбасын құруының басты себебі – бұл сүйікті адаммен бірге болу ниеті (56,5%). Бұл сұраққа тек бір жауап қана ықтимал болды.

Балалы болуды қалау – жастардың отбасын құруының және некеге тұруының екінші себебі, сұрақтың бұл нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 12,3% белгілеген.

Үшінші орында жауаптың «ата-анадан тәуелсіздік алу» нұсқасы – 9,7% (7-кесте).


7-кесте. «Сіздің ойыңызша ең маңыздысы не, жастардың отбасын құруының және некеге тұруының басты себебі не?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Ата-анадан тәуелсіздік алу	9,7	9,9	9,6
Сүйікті адаммен бірге болу ниеті	56,5	58,1	55,4
Балала болуды қалау	12,3	15,8	10,0
Жалғыздықтан қорқу, қартайғанда жалғыз қалу қорқынышы	4,4	4,6	4,3
Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу	1,0	0,6	1,3
Барлығы да некеге тұрады, осылай қалыптасқан	6,5	6,9	6,3
Бұл туралы әзірге ойланбаппын	8,0	1,9	12,0
Ерлі-зайыптылардың жақындығы	-	0,1	-
Тұқымды жалғастыру	0,3	0,5	0,2
Жауап бере алмаймын	1,1	1,5	0,9

Жастардың абсолютті көпшілігі жастар неке қиюға шешім қабылдаған болса, некені міндетті түрде тіркеу керек деп санайды (77,5%). Ал некені ресми тіркеу міндетті емес деп санайтындар 12,6% ғана.

Жастардың отбасылық мәртебесінің некенің ресми тіркелуіне қатысты пікірлеріне әсер етпейтіндігін айта кету керек. Некедегі жастар да, некеде емес жастар да ресми тіркеуді «құптайды» (4-диаграмма).

4-диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, отбасын құруды шешкен жастар некені ресми тіркеуге міндетті ме немесе некені ресми тіркеусіз-ақ отбасын құруға бола ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, жастар гомосексуалдық қарым-қатынасқа қарсы (74,2%), балаларға физикалық жаза қолдануға қарсы (65,8%), көп әйел алуға, бірнеше күйеудің/әйелдің болуына қарсы (60,2%) (8-кесте).

8-кесте. «Сіздің ойыңызша төмендегі құбылыстар қаншалықты орынды, пікіріңізді 1-5 аралығында белгілеңіз (мұндағы 1-мүлде орынсыз дегенді білдірсе, 5-толықтай орынды деген пікірді білдіреді)?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Толықтай орынды			Мүлде орынсыз		Жауап бере алмаймын
	1	2	3	4	5	
1) Бірге тұру	42,7	9,9	16,4	9,8	15,8	5,3
2) Әйелдердің некеге дейінгі жыныстық қатынасы	49,5	8,3	13,6	7,2	15,4	5,9
3) Ерлердің некеге дейінгі жыныстық қатынасы	35,0	8,5	19,5	11,3	19,2	6,4
4) Көп әйелділік, бірнеше әйелдің болуы	60,2	8,0	5,5	1,8	7,9	16,4
5) Гомосексуалдық қарым-қатынас	74,2	4,7	4,0	1,0	10,3	5,4
6) Ері әйелінен аз табыс табатын жағдай	41,4	11,7	21,4	8,3	12,3	4,9
7) Балаларға қатысты физикалық жаза қолдану	65,8	11,4	7,9	2,8	7,2	4,8
8) Түсік жасату	57,1	10,3	11,4	3,5	9,4	8,2
9) Ажырасу	50,9	11,2	14,8	3,4	11,6	8,0

9-кесте. «Сіз отбасылық өмірден не күтесіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Жеке баспананың болуын	27,6	30,5	25,7
Қаржылық тұрақтылықты	20,9	23,4	19,3
Ерлі-зайыптылар арасындағы түсіністікті	29,8	31,8	28,6
Бақытты қарттықты	21,1	23,8	19,4
Балалардың болуын	19,8	23,9	17,1
Махаббатты	20,8	18,2	22,5
Отбасымен үнемі бос уақыттың қызықты өтуін	5,2	5,3	5,2
Өмірдегі қиын сәттердегі қолдауды	15,9	15,8	16,0
Мен әлі отбасылық өмір туралы ойланған емеспін	6,5	-	10,6
Жауап бере алмаймын	0,7	0,1	1,2

Жалпы, сауалнамаға қатысқан жастар отбасындағы қарым-қатынасты жақсы бағалайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың абсолютті көпшілігі (94,4%) өз отбасындағы түсіністікті жақсы немесе өте жақсы деп бағалайды. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың жоғары бағалануына жастардың отбасылық мәртебелері ықпал етпейді (5-диаграмма).

5-диаграмма. «Сіз өз отбасыңыздағы өзара қарым-қатынасты қалай бағалайсыз? Ері/зайыбы немесе Сіз қазіргі уақытта бірге тұрып жатқан ата-ана және басқа да туыстармен қарым-қатынас» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Мәліметтерге қарап, біздің жастар үшін некенің себебінің бір-бірін таң қалдыруға қызығушылық еместігін айта аламыз. Қаржылық тұрақтылыққа қол

жеткізу, жалғыздықтан қорқу да жас респонденттер үшін неке қиюға себеп емес.

Сауалнамаға қатысқан жастар берік отбасына қатысты барлық критерийлерді жоғары бағалайды. Көрсеткіштер 10-кестеде ұсынылған.

Көрсеткіштерге қарайтын болсақ, респонденттердің көпшілігі өзара сыйластық (83,5%) пен ерлі-зайыптылардың адалдығын (80,3%) жоғары бағалайды.

10-кесте. « Берік отбасы бойынша ұсынылған критерийлердің әрқайсысын 1-5 аралығында бағалаңыз, мұндағы 1 – мүлде маңызды емес дегенді білдірсе, 5 – өте маңызды дегенді білдіреді. Демек, Сіз отбасының беріктігі үшін өзара сыйластықтың міндетті түрде орнауы керек деп санасаңыз, 5 көрсеткішін таңдаңыз, егер өзара сыйластық міндетті емес деп санасаңыз 1 таңдаңыз және т.с.с.» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Мүлде маңызды емес	2	3	4	Аса маңызды
1) Өзара сыйластық	1,5	1,4	3,0	9,8	83,5
2) Өзара шыдамдылық пен түсіністік	1,3	1,4	4,3	12,2	79,8
3) Ерлі-зайыптылардың адалдығы	1,3	1,9	4,2	10,6	80,3
4) Ерлі-зайыптылардың проблеманы ортақ талқыға салуға дайындығы	1,6	1,7	6,5	14,7	74,2
5) Балалар мен оларды бірге тәрбиелеу	1,6	2,0	5,2	13,1	77,1
6) Жақсы баспанамен қамтамасыз етілу	2,1	1,4	7,7	18,5	69,4
7) Отбасы табысының жоғары болуы (еңбек ақы және т.б.)	2,7	2,3	10,4	19,8	63,9
8) Үй шаруасы бойынша міндеттердің тең бөлінуі	5,3	4,2	14,8	18,3	55,5
9) Ортақ мүдденің болуы	3,0	2,7	11,9	19,9	60,7
10) Бірге уақыт өткізу мүмкіндігі	3,6	2,3	8,9	20,6	63,6
11) Жеке, ата-анадан бөлек тұру	17,0	7,3	16,7	15,0	40,1

Қазақ халқында отбасын құрған, жас ата-ананың тұңғыш баласы ата-әжесінің тәрбиесіне берілетін дәстүр бар екенін білеміз – тұңғыш бала күйеуінің ата-анасына беріледі, бірақ, сауалнамаға қатысқан жастар арасында бұл дәстүрді қолдайтындар 10,6% ғана, отбасы бар жастардың 13,2% жауаптың «күйеуінің ата-анасында» деген нұсқасын таңдаған, ал бұл нұсқаны таңдаған отбасылы емес жастардың мөлшері 9,0% (11-кесте).

11-кесте. «Тұңғыш баланың кімде тәрбие алуы керек деп санайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Өзінің ата-анасында	83,5	84,2	83,0
Күйеуінің ата-анасында	10,6	13,2	9,0
Әйелінің ата-анасында	1,6	1,5	1,7
Күйеуінің туыстарында	0,9	0,4	1,3
Әйелінің туыстарында	-	-	0,1
Екі тараптың да ата-анасы мен туыстарында	-	-	0,1
Жауап бере алмаймын	3,2	0,6	4,9

Отбасында баланың дүниеге келуі қашан да асқан жауапкершілік тудырады, қосымша күш-жігер мен қаражатты талап етеді. Жастарға бірінші баланың немесе кезекті баланың өмірге келуіне қандай кедергінің бар екендігі туралы сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 37,6% баланың өмірге келуі үшін ешқандай кедергінің жоқтығын айтты, оның ішінде сауалнамаға қатысқан отбасылы жастардың 28,6% балалы болуды жоспарлап жүр.

Сауалнамаға қатысқан отбасылы жастар табыс көзінің тұрақты болмауын балалы болуға басты кедергі ретінде атады (28,8%). Сауалнамаға қатысқандардың жауаптары бойынша екінші орындағы кедергі - баспананың болмауы (18,7%) (12-кесте).

12-кесте. «Сіздің отбасыңызға қазіргі уақытта балалы болуға не кедергі болып отыр?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Тұрақты табыс көзінің жоқтығы	22,8	28,8	18,9
Балалы болу мәртебе емес	2,6	3,8	1,9
Баланың өмірге келуі мен оның тәрбиесі үлкен материалдық шығынға ұшыратады (тамақтандыру, медициналық қызметтер, білім беру)	13,6	14,9	12,8
Қоршаған орта балаларға арнайы бейімделмеген (балабақшалар жоқ, балалар ойнайтын алаң, көлікте арнайы жабдықталған орындар жоқ)	6,7	7,5	6,3
Ері (зайыбы) қаламайды	7,0	8,8	5,9
Жеке баспананың болмауы	15,4	18,7	13,3
Тағы бір бала үшін тұрғын үй ауданының жеткіліксіздігі	5,1	7,4	3,6
Өзінің/жұбайының денсаулығы нашар	8,0	9,8	6,8
Өмірідегі қауіп-қатердің көптігі, жалпы қорғансыз сезіну	3,3	3,4	3,3
Балалар күтіміне көмектесетін ешкімнің жоқтығы	4,6	4,8	4,5
Баланың өмірге келуі қалыптасқан өмір салтын бұзады	2,7	2,3	3,0
Тағы бір бала бұрын туған баланың мүддесіне нұқсан келтіреді	1,1	1,4	,9
Ешқандай кедергі жоқ, тағы да балалы болғымыз келмейді	5,3	9,0	3,0
Ешқандай кедергі жоқ, балалы болуды жоспарлаудамыз	13,7	28,6	4,1
Басқа (ерлі-зайыптылардың жақындығының жоқтығы, ниеттің болмауы, балалы болу үшін күйеуге тиюді жоспарламаймын, күйеуімнің ата-анасымен тұрғым келмейді, ажырасқанмын)	0,4	0,2	0,9
Мен әлі некеде емеспін	9,7	-	15,9
Жауап бере алмаймын	24,3	6,2	36,0

Төмендегі кестеде көрсетіліп отырғандай, жас қазақстандықтардың пікірлері бойынша бала бойында ең алдымен еңбек сүйгіштікті тәрбиелеу керек – 62,5%, содан соң жауапкершілікті – 37,3%, тәуелсіз болу мен өз бетінше әрекет етуге қабілеттілікті тәрбиелеу қажет – 31,5%. Көрсеткіштер 13-кестеде ұсынылған.

Әрі қарай екінші үштікте (20-30% аралығы) жауаптың Отанға деген сүйіспеншілік нұсқасы – 25,8%, басқа адамдарға деген түсіністік пен шыдамдылық – 24,0% орналасты.

Үшінші үштікте (10 - 20% аралығы) – батылдық, бір беткейлік (17,4%), өз этникалық тобының салт-дәстүрін сақтау (15,6%), тіл алғыштық (13,1%), ұқыптылық (ақша мен заттарға ұқыпты болу) (14,8%), риясыздық (10,8%).

Соңғы орында (10% төмен) – діни наным (6,4%).

13-кесте. « Сіздің ойыңызша баланың бойынша қандай негізгі қасиеттерді тәрбиелеу маңызды?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Тәуелсіз болу мен өз бетінше әрекет етуге қабілеттілік	31,5	33,7	30,0
Еңбек сүйгіштік	62,5	64,9	61,0
Жауапкершілік	37,3	37,7	37,0
Отанға деген сүйіспеншілік	25,8	26,1	25,7
Өз этникалық тобының (ұлтының) салт-дәстүрін сақтау	15,6	16,7	15,0
Басқа адамдарға деген түсіністік пен шыдамдылық	24,0	21,4	25,7
Ұқыптылық (ақша мен заттарға ұқыпты болу)	14,8	15,6	14,3
Батылдық, бір беткейлік	17,4	16,7	17,9
Діни наным	6,4	6,0	6,7
Риясыздық	10,8	10,9	10,7
Тіл алғыштық	13,1	12,1	13,8
Жауап бере алмаймын	1,5	0,8	2,1

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болып табылады, ал аралас некелер заманауи қоғамда қалыпты құбылысқа айналған. Сауалнаманың нәтижелері бойынша аралас некеге көпшіліктің көзқарасы оң (43,0%) немесе бейтарап (31,3%) екендігін анықтадық. Сауалнамаға қатысқан жастардың 22,0% ұлтаралық неке Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтады деп санайды (14-кесте).


Ұлтаралық некені қабылдамайтындар - сауалнамаға қатысқан жастардың 21,8%.

14-кесте. «Сіз ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Оң қараймын, ұлтаралық неке Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтады	22,0	21,9	22,1
Оң қарайтын шығармын, себебі жар таңдауда ұлт маңызды емес	21,0	21,9	20,4
Көзқарасым бейтарап, жар таңдауда әркім ерікті	31,3	31,2	31,4
Қабылдамайтын шығармын, ұлтаралық некеде проблема көп болады	14,8	16,2	13,9
Қабылдамаймын, ұлтаралық неке ажырасумен аяқталады	7,0	6,7	7,2
Жауап бере алмаймын	3,9	2,2	5,0

Жас қазақстандықтардың көпшілігі ерлі-зайыптылардың этникалық әр түрлілігі отбасындағы жанжалға себеп болады деп санамайды. Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың 30,1% ұлттың әр түрлі болуы отбасылық жанжалға ешқандай ықпал жасамайды десе, сауалнамаға қатысқан жастардың 35,4% жанжал ерлі-зайыптылар арасында махаббат болмағанда туындайды деп ойлайды. Сұраққа оң жауап бергендер 23,6% (6-диаграмма).


6-диаграмма. «Ерлі-зайыптылардың этникалық (діни тұрғыда) әр түрлілігі отбасылық жанжалдың туындауына себеп бола ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнаманың нәтижелері бойынша алдағы екі жыл ішінде отбасын құруды жоспарлаған жастар көлемі сауалнамаға қатысқандардың 20,3% құрайды. Сұраққа қарсы жауап бергендер сауалнамаға қатысқан жастардың

38,6%, ал сауалнамаға қатысқан жастардың 34,7% неке құрған және өз отбасылары бар (7-диаграмма).

7-диаграмма. «Алдағы екі жыл ішінде Сіздің жоспарыңызда отбасын құру, некеге тұру бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



1-тарау бойынша қорытындылар:

Осы тарауды түйіндей келе отбасылық қарым-қатынас пен оның құрылымы тұрғысынан алғанда заманауи қазақстандық жастардың көзқарасының бірегей екендігін айту керек. Өзінің мінсіз отбасы туралы көзқарастарын айта келе жас қазақстандықтар барынша дәстүрлі және консервативтік құндылықтарды таңдайды, мәселен - бұл толық отбасы (екі ата-ананың болуы), жасы үлкендерге деген сый-құрмет, ресми тіркелген неке.

Жас қазақстандықтар оптимистік пікірде, өз мүмкіндіктерін орынды бағалайды және болашақта кездесуі мүмкін қиыншылықтарды шешуге дайын. Жастар отбасының маңыздылығы мен ондағы дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуының маңыздылығын аса жоғары бағалайды.

Жас қазақстандықтар дәстүрлі ұстанымда және отбасына қатысты дәстүрлі, кейде тіпті консервативті пікірде.

Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста өзара сыйластық пен шыдамдылық, махаббат пен қамқорлық, адалдық, өмір бойы жалғыз некенің болуы маңызды деген ойда. Жас қазақстандықтар көбінесе ресми некеге тұрғанды және нуклеарлық отбасы болғанын қалайды. Жастар үшін тағы бір маңызды нәрсе - бұл отбасының қаржылық ахуалы. Отбасылық жауапкершілікті бөлуде патриархат қағидаттар үстем. Балалардың болуы мен оларды бірлесіп тәрбиелеу – отбасылық өмірдің аса маңызды бөлігі.

Жастар көбіне ұлтаралық некеге бейтарап көзқараста екендіктерін көрсетті.

2-ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АХУАЛЫН БАҒАЛАУ

Жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуінің маңызды шарты - жастардың салауатты өмір салтын ұстануы, медициналық орталық қызметтеріне қол жетімді болуы, емханалардың көрсететін медициналық қызметтерінің сапалы болуы.

Нәтижелерге сәйкес жастар өз денсаулықтарына жақсы баға береді. Сауалнама қатысушыларының төрттен бір бөлігіне жуығы (24,1%) денсаулықтарын мықты десе, сауалнама қатысушыларының тағы жартысы (50,7%) жауаптың «денсаулығымы жақсы, сирек ауырамын» деген нұсқасын таңдаған. Сауалнаманы жүргізу кезінде жеке отбасы болмаған жастардың отбасылы жастарға қарағанда өз денсаулықтарын жоғары бағалайтынын аңғардық (8-диаграмма).

8-диаграмма. «Сіз өз денсаулығыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнаманың көрсетіп отырған нәтижелеріне қарасақ, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан астамы (55,3%) соңғы алты ай ішінде емханаға немесе медицина орталығына жүгінген, соның ішінде сауалнамаға қатысқандардың 40,2% өздері барған, 15,1% балалармен барған (15-кесте).

15-кесте. «Соңғы алты айда Сіз дәрігерге, емханаға/медициналық орталыққа жүгіндіңіз бе?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Иә, жеке басым бардым	40,2	38,2	41,5
Иә, баламен бардым	15,1	31,6	4,4
Жоқ, барған жоқпын	44,3	31,2	52,8
Иә, анаммен бардым	0,3	0,1	0,4
Жауап бере алмаймын	0,9	0,8	1,1

Егер жастар емханаға немесе медицина орталығына жүгінген болса, көптеген жағдайда бұл қалалық емхана немесе тұрғылықты жері бойынша немесе тіркелген жері бойынша отбасылық-дәрігерлік амбулатория болған.

Жеке медицина орталықтарына бару сирек, сауалнамаға қатысқан жастардың 10,6% ғана.

Жастардың отбасылық мәртебесінің медицина орталықтарына жүгіну себептеріне ықпал етпейтіндігін айта кеткен абзал, некедегі жастар да, некеде емес жастар да көбіне мемлекеттік медицина мекемелеріне барады (16-кесте).

16-кесте. «Егер дәрігерге, емханаға/медицина орталығына соңғы алты ай ішінде жүгінген болсаңыз оның мемлекеттік емхана немесе жеке медицина орталығы екендігін көрсетіңіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Тұрғылықты жер/тіркелген жер бойынша мемлекеттік емхана	39,2	48,0	33,5
Отбасылық-дәрігерлік амбулатория	9,3	12,3	7,3
Жеке медицина орталығы	10,6	10,9	10,4
Дәрігерге барған жоқпын	36,4	25,3	43,5
Мемлекеттік емдеу мекемесіне де, жеке медицина орталығына да бардым	0,6	0,8	0,6
Жауап бере алмаймын	3,9	2,7	4,7

Жалпы алатын болсақ, сауалнамаға қатысқан жастардың барлығы көрсетілетін медициналық қызметтің сапасына қанағаттанады, олардың 31,7% дәрігерлердің біліктілігіне толық қанағаттанады және сенеді, ал 46,6% көңілі толады.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша жеке отбасы жоқ жастар отбасылы жастарға қарағанда отандық медицинаға жоғары баға береді (17-кесте).

17-кесте. «Сіз өзіңіздің елді мекенде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Толық көңілім толады, өзіміздің дәрігерлерге толық сенемін	31,7	27,2	34,6
Аздап көңілім толмайтын жерлер бар, құзырлы медқызметкерлер мен дәрігерлер үнемі кездесе бермейді	46,6	52,0	43,0
Мүлде көңілім толмайды, бізде білікті дәрігер табу өте қиын	12,2	16,7	9,4
Жауап бере алмаймын	9,5	4,1	13,0

Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына берілетін баға бойынша облыстық жіктелімді қарастыратын болсақ, көрсеткіштер төмендегідей. Көбіне медициналық қызметке көңілі толатындықтарын Ақмола облысының, Астана және Алматы қалаларының жастары айтты. Ал медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанбайтындар саны Павлодар және Жамбыл облыстарында көп (18-кесте).

18-кесте. Сұраққа алынған жауаптың жіктелімі: Сіз өзіңіздің елді мекенде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз? (облыстық жіктелім бойынша, % өрнектелеген)

	Толық көңілім толады, өзіміздің дәрігерлерге толық сенемін	Аздап көңілім толмайтын жерлер бар, құзырлы медқызметкерлер мен дәрігерлер үнемі кездесе бермейді	Мүлде көңілім толмайды, бізде білікті дәрігер табу өте қиын
Ақмола облысы	55,7	32,9	1,3
Ақтөбе облысы	39,6	45,5	12,9
Алматы облысы	32,2	50,2	11,8
Атырау облысы	36,8	48,5	10,3
Шығыс Қазақстан облысы	18,6	58,6	13,8
Жамбыл облысы	14,9	40,5	26,4
Батыс Қазақстан облысы	15,5	43,7	15,5
Қарағанды облысы	20,8	57,7	10,1
Қостанай облысы	15,6	71,9	11,5
Қызылорда облысы	49,4	28,1	15,7
Маңғыстау облысы	41,9	39,2	14,9
Павлодар облысы	24,4	52,6	21,8
Солтүстік Қазақстан облысы	27,3	49,1	3,6
Оңтүстік Қазақстан облысы	26,8	45,9	15,3
Астана қаласы	40,6	51,5	5,0
Алматы қаласы	51,1	31,8	4,0

2-тарау бойынша қорытындылар:

Осылайша, сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі денсаулықтарына шағымданбайды, олар ауырмайды немесе сирек ауырады (74,8%). Өз денсаулықтарына орташа немесе нашар баға беретін жастардың барлығына жуығы некеде тұрғандар, бұған жас ерекшелігінің де себеп болуы мүмкін (23-29 жастағылар).

Сауалнамаға қатысқан жастардың жалпы көрсеткіштер бойынша денсаулықтарының жақсы екендігіне қарамастан, жартысынан астамы соңғы алты ай ішінде медициналық көмекке жүгінген. Некеде тұрған жастар некеде тұрмаған жастарға қарағанда жиі барады – 38,2% өздері барса, 31,6% баламен барған.

Сауалнамаға қатысқан жастар жалпы алғанда медициналық қызметтерге қанағаттанады. Көңілі толатындығын айтқан жастар Ақмола облысында, Астана және Алматы қалаларында көп. Көңілі толғандығын айтқан жастар аз кездесетін өңірлер - Жамбыл және Павлодар облыстары.

3-ТАРАУ. ЖАСТАР МЕН ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ӨТКІЗУІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қоғам дамуының заманауи жағдайында адам үшін бос уақыт басты құндылық болып табылады, бұл - жеке дамуға арналған уақыт. Десек те, уақытқа құндылық ретінде көзқарас бірден қалыптаспайды. Зерттеушілердің біразы бос уақытты шектеусіз мүмкіндіктер кеңістігі деп түсіндіреді, оны тек «жұмыстан дем алу» деп қана емес, «жеке басы үшін демалыс» деп те түсіну керек. Сондықтан да ол жалпы мәдени құндылық қатарына жатады.

Жастардың әлеуметтік бейімделуінің нәтижелі болуы үшін салауатты өмір салтының қалыптастырылуымен қатар олардың бос уақыттарының тиімді өткізілуін ұйымдастыру мен жас қазақстандықтардың мәдени дамуын қолдау да маңызды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастар арасындағы бос уақытты өткізудің ең танымал әдісі – үйде, отбасы қасында болуы (53,0%). Бос уақытты өткізу амалының екінші орнында достармен және таныстармен кездесу тұр (35,0%).

Отбасылы жастардың отбасылы емес жастарға қарағанда бос уақытын өткізу әдістерінің өзгеше екендігін атап айту керек. Сауалнамаға қатысқандардың ішіндегі отбасылы жастар бос уақыттарын үйде, отбасымен бірге (64,2%) өткізеді, теледидар, видео қарайды (32,8%) және отбасы мен жақындарын алып, табиғатқа шығады (29,4%). Өздерінің жеке отбасы жоқ жастар үйде (45,8%) болады, достарымен және таныстарымен кездеседі (39,9%), Ғаламтор желісінде отырып, компьютерлік ойындар ойнайды (28,6%) (19-кесте).

19-кесте. «Сіз бос уақытыңызды әдетте қалай өткізесіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген) (%)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Бос уақытымда үйде, отбасымның қасында боламын	53,0	64,2	45,8
Отбасыммен, жақындарыммен табиғатқа шығамын	25,2	29,4	22,6
Теледидар, видео қараймын	29,5	32,8	27,4
Музыка тыңдаймын	20,2	11,8	25,7
Ғаламтор желісінде отырамын, компьютерлік ойындар ойнаймын	24,1	17,2	28,6
Спорттық секцияларға барамын, спортпен шұғылданамын	12,2	7,8	15,1
Кітап оқимын, сурет саламын, музыкамен айналысамын	8,7	6,6	10,1
Достармен, таныстармен кездесемін	35,0	27,5	39,9
Қосымша жұмыс жасаймын	8,8	9,4	8,5
Театрға, операға, концерттерге барамын	3,8	4,7	3,2

Кинотеатрға барамын	4,5	4,3	4,7
Кәсіби курстарға барамын	2,1	0,8	3,0
Тілдік курстарға барамын	2,0	0,8	2,8
Мешітке/шіркеуге барамын	2,7	3,3	2,3
Қоғамдық-саяси қызметпен айналысамын	0,3	0,5	0,2
Ештеңе істемеймін, жай тынығамын	2,7	2,9	2,6
Бос уақытым жоқ	3,8	7,1	1,7
Басқа (сүйікті адамдарым үшін дәмді тағамдар әзірлеймін, пісіремін, балық аулауға барамын, кітапханаға барамын, кітап оқимын, үй шаруасымен айналысамын, жұмыс іздеймін)	0,2	0,4	0,3
Жауап бере алмаймын	0,2	0,1	0,3

«Сіздің отбасыңыздың бос уақытын бірге өткізуі қаншалықты жиі?» деген сұраққа көпшілік «демалыс күндері» деген жауапты берді (38,9%) (20-кесте).

20-кесте. «Сіздің отбасыңыздың бос уақытын бірге өткізуі қаншалықты жиі, атап айтқанда бірге демалу, кинотеатрға, театрға бару, саябақта серуендеу және т.б.?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Күн сайын	10,2	10,1	10,4
Демалыс күндері	38,9	43,8	35,8
Айына бір рет	29,1	26,7	30,6
Уақыт жоқ	18,3	16,2	19,8
Жарты жылда бір рет	0,5	0,4	0,7
Қаражат жоқ	0,1	0,4	-
Еңбек демалысы кезінде	-	0,1	-
Жауап бере алмаймын	2,6	2,4	2,8

Ауылдық жастардың «Сіздің отбасыңыздың бос уақытын бірге өткізуі қаншалықты жиі?» сұрағына жауап бере отырып қалалық жастарға қарағанда «уақыт жоқ» (24,0%) деген жауап нұсқасын жиі таңдағандығы қызықты (14,1%).

Қалалық жастар бос уақыттарын отбасымен демалыс күндері бірге өткізеді (42,7%), ал ауылдық жастар күн сайын уақыт таба алады (11,7%) (21-кесте).

21-кесте. «Сіздің отбасыңыздың бос уақытын бірге өткізуі қаншалықты жиі, атап айтқанда бірге демалу, кинотеатрға, театрға бару, саябақта серуендеу және т.б.?» сұрағына алынған жауаптар (қалалық және ауылдық жастар жіктелімінде, % өрнектелген)

	Қалалық жастар	Ауылдық жастар
Күн сайын	9,2	11,7
Демалыс күндері	42,7	33,9
Айына бір рет	30,5	27,3
Уақыт жоқ	14,1	24,0
Жарты жылда бір рет	0,7	0,4
Қаражат жоқ	0,1	0,2
Еңбек демалысы кезінде	-	0,1
Жауап бере алмаймын	2,8	2,5

3-тарау бойынша қорытындылар:

Уақыт өткізудің ең танымал түрінің отбасымен бірге үйде болу екендігі анықталды (53,0%). Бос уақытын осылай өткізетіндер арасында отбасылы жастар көп (64,2%), отбасылы емес жастар аз (45,8%). Некеде емес және өздерінің жеке отбасы жоқ жастар көбінесе бос уақыттарын достарымен, таныстарымен өткізгенді қалайды, болмаса Ғаламтор желісінде отырып, компьютерлік ойындар ойнайды.

Театрға, операға бару, кітап оқу және сурет салу, тілдік курстарға бару сияқты амалдар жастар арасында кең тарамаған.

Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі бос уақыттарын демалыс күндері осылай өткізеді.

4-ТАРАУ. ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай отбасында қалыптасатын қарым-қатынасқа әсер етеді деген пікірде (51,4%). Олардың 23,9% отбасындағы жанжал қаржылық қиыншылыққа байланысты туындайды десе, төрттен бір бөлігінен астамы (27,5%) көп жұмыс істейтіндіктен, отбасымен кездесу сирек болатындықтан деген (22-кесте).

22-кесте. «Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай Сіздің отбасыңыздағы жалпы климатқа әсер ете ме?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Иә, отбасында қаржылық қиыншылыққа байланысты жанжал туындайды	23,9	27,7	21,5
Иә, көп жұмыс жасайтындықтан отбасына көңіл аз бөлінеді	27,5	32,3	24,4
Жоқ, сыртта болып жатқан жағдайлар отбасы ішіндегі жағдайға ықпал ете алмайды	43,2	38,0	46,5
Жауап бере алмаймын	5,4	1,9	7,7

Сауалнама нәтижесінде алынған көрсеткіштерге келетін болсақ, жас отбасылардың негізгі мәселесі - баспананың жоқтығы (58,3%), айлықтың төмендігі (43,5%) және жұмыссыздық (41,9%). Аталған қиыншылықтар барлық жастарға ортақ (23-кесте).

Сауалнамаға қатысқан отбасылы жастардың 19,1% басты проблема ретінде мемлекет тарапынан жәрдемнің жоқтығы дейді, ал отбасылы емес жастар арасында бұл осы жауапты бергендердің үлесі 14,8%.

23-кесте. «Сіздің ойыңызша елімізде жастар қандай қиыншылықтармен жиі кездеседі?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Жеке баспананың болмауы	58,3	62,5	55,6
Жалақының төмендігі	43,5	44,9	42,6
Жұмыссыздық	41,9	46,1	39,3
Жұмыс пен оқудың қатар болуы	9,4	8,1	10,2
Мелекет тарапынан жәрдемнің болмауы	16,5	19,1	14,8
Жас отбасына ата-аналардың араласуы	17,5	18,1	17,2
Жастардың жауапты шешім қабылдауға дайын болмауы	21,7	21,2	22,1
Балалардың болмауы	9,4	9,2	9,5
Той жасауға мүмкіндіктің болмауы	3,7	2,7	4,4
Ерлі-зайыптылар арасында жақыныдықтың болмауы	-	0,1	-
Түсініспеушілік	-	-	0,1
Жауап бере алмаймын	3,4	0,1	5,5

Жастардың кездестіретін қиыншылықтары мен мәселелеріне қарамастан, көпшілігі өз отбасының берекесіне риза, олар өздерінің жеке тұратындықтарына немесе ата-аналарымен бірге тұратындықтарына қарамастан, сауалнамаға қатысқан жастардың 38,2% толық риза, 48,4% риза шығармын деген жауапты таңдаған (9-диаграмма).

9-диаграмма. «Сіз өзіңіздің отбасыңыздың материалдық игілігіне қанағаттанасыз ба? Егер Сіз ата-анаңызбен бірге тұратын болсаңыз, ата-аналық отбасындағы берекеге көңіліңіз тола ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей, жасы неғұрлым үлкен болса, материалдық игілікке көңілі толмайтындар қатары соғұрлым басым (24-кесте). Жасы 14-18 аралығындағы жастардың 7,1% отбасылық берекеге көңілім толатын шығар немесе көңілім толмайды деген жауап нұсқасын таңдаған, ал жасы 24-29 арасындағы жастардың арасында бұл көрсеткіш 13,8 ғана.

24-кесте. «Сіз өзіңіздің отбасыңыздың материалдық игілігіне қанағаттанасыз ба? Егер Сіз ата-анаңызбен бірге тұратын болсаңыз, ата-аналық отбасындағы берекеге көңіліңіз тола ма?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Иә, көңілім толығымен толады	48,0	41,2	31,4
Көңілім толатын шығар	42,2	46,8	52,6
Көңілім толмайтын шығар	5,8	7,9	11,3
Жоқ, мүлде көңілім толмайды	1,3	1,6	2,5
Жауап бере алмаймын	2,8	2,5	2,2

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі баспана жағдайларына қанағаттанады (86,4%). Сауалнамаға қатысқан отбасылы жастардың баспана жағдайына көңілдерінің толмайтындығын жиі көрсеткендіктерін айта кету

керек – 14% (сұрақтың жауаптарының «қанағаттанбайтын шығармын» және «мүлде қанағаттанбаймын» нұсқаларының қосындысы) (25-кесте).

25-кесте. «Сіздің өзіңіздің баспана жағдайыңызға қаншалықты көңіліңіз толады?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Көңілім толығымен толады	39,5	33,7	43,3
Көңілім толатын шығар	46,9	51,1	44,2
Көңілім толмайтын шығар	9,2	10,6	8,3
Көңілім мүлде толмайды	2,4	3,4	1,7
Жауап бере алмаймын	1,9	1,1	2,5

Сауалнама нәтижелеріне келер болсақ, жастардың баспана жағдайына көңілдерінің толуы немесе толмауы олардың тұрғылықты жерлеріне байланысты емес. Сауалнамаға қатысқан ауылдық жастар да, қалалық жастар да баспана жағдайларына жоғары баға береді – 87,1% және 85,7%, сәйкесінше (26-кесте).

26-кесте. «Сіздің өзіңіздің баспана жағдайыңызға қаншалықты көңіліңіз толады?» сұрағына алынған жауаптар (қалалық және ауылдық жастар жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	Қалалық жастар	Ауылдық жастар
Көңілім толығымен толады	42,5	35,6
Көңілім толатын шығар	44,6	50,1
Көңілім толмайтын шығар	8,7	9,8
Көңілім мүлде толмайды	2,6	2,1
Жауап бере алмаймын	1,6	2,5

Сауалнама нәтижесі аңғартып отырғандай, жастардың (жас жігіттердің немесе қыздардың) жасы неғұрлым үлкен болса, баспана жағдайына көңілі толмау көрсеткіші соғұрлым жоғары. Мысалы, сауалнамаға қатысқан 24-29 жас аралығындағылардың 14,0% баспана жағдайларына мүлде көңілінің толмайтындығын айтып, көңілім толмайтын шығар деген жауапты көрсеткен, ал бұл көрсеткіш 14-18 жас аралығындағы жастарда екі есе төмен – 6,7%. Демек, жасы неғұрлым ересек болған сайын, өз баспанасы жайлы көп ойланады және бар баспанасына беретін бағаға сараң (27-кесте).

27-кесте. «Сіздің өзіңіздің баспана жағдайыңызға қаншалықты көңіліңіз толады?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Көңілім толығымен толады	51,4	41,2	32,5
Көңілім толатын шығар	40,0	44,6	51,9
Көңілім толмайтын шығар	5,2	9,4	11,1
Көңілім мүлде толмайды	1,5	2,3	2,9
Жауап бере алмаймын	1,9	2,5	1,6

4-тарау бойынша қорытындылар:

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан сәл астам бөлігі елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай отбасылық микроклиматқа әсер етеді деп санайды (51,4%). Оның үстіне отбасылы жастар отбасылы емес жастарға қарағанда елдегі экономикалық жағдай мен өзгерістерге сезімталдау келеді.

Жастар жолығатын негізгі қиыншылықтар – бұл өз баспанасының болмауы, жалақының төмендігі және жұмыссыздық. Ал мемлекет тарапынан жәрдемнің болмауын некелі жастардың көпшілігі айтады (19,1%).

Жалпы алғанда, жастар кездестіретін қиыншылықтар мен кедергілер болашаққа сеніммен қарауларына және жастардың оптимистік көңіл-күйлеріне нұқсан келтірмейді, некелі жастар мен некеде емес жастар арасында жағдай бірдей.

5-ТАРАУ. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУ СЕБЕПТЕРІ

18-29 жас аралығындағы жастарда кездесетін ажырасу себептері аса өзекті мәселе. Жыл сайын жастар арасындағы ажырасу көрсеткіштері артып келеді. Жас жігіттер мен қыздардың 20-24 жастағылары алаңдатушылық тудырады.

«Қандай себептерге байланысты жас отбасылардың қарым-қатынастарының қалыптаспауы мүмкін?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың жартысы «жастардың отбасылық өмірге дайын болмауы» деп көрсетті (50,9%), содан соң: тұрмыстық қиыншылықтар - 23,3%, жастардың бірге өмір сүруді бастағанға дейін бір-бірін жақсы тани алмауы - 21,7% (28-кесте).

28-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, қандай себептерге байланысты жас отбасылардың қарым-қатынастарының қалыптаспауы мүмкін?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Отбасылық өмірге дайын болмау	50,9	48,9	52,3
Махаббат сезімінің бәсеңдеуі	16,1	17,7	15,1
Бірге өмір сүруді бастағанға дейін бір-бірін жақсы тани алмау	21,7	22,1	21,5
Отбасының материалдық игілігінің төмендігі	20,0	21,6	18,9
Тұрмыстық қиыншылықтар	23,3	26,6	21,2
Баспана жағдайының нашарлығы	9,7	9,9	9,6
Отбасында зорлық-зомбылықтың болуы	6,9	7,3	6,7
Балалардың болмауы	9,5	10,4	9,0
Жастардың қарым-қатынасына ата-аналардың араласуы	8,6	9,4	8,1
Тәрбиенің дұрыс болмауы	-	0,1	-
Жауап бере алмаймын	3,3	-9	4,9

Некедегі және некеде емес жастардың басым көпшілігі (79,4%) жас ерлі-зайыптылардың ажырасуына қарсы.

Сауалнамаға қатысқандардың некедегілерінің 16,5% егер жастар некеде бақытты болмаса, онда ажырасумен аяқталады деген, ал некеде емес жастардың арасында бұл көрсеткіш 17,4% (29-кесте).

29-кесте. «Сіз жас отбасылы адамдардың ажырасуына қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Мүлде қарсымын, әсіресе, балалар болғанда	49,9	52,5	48,1
Қарсы шығармын	29,5	29,4	29,6
Егер жас ерлі-зайыптылар некеде бақытты болмаса, ажырасумен аяқталады	17,0	16,5	17,4
Жауап бере алмаймын	3,5	1,5	4,9

Сауалнама нәтижелерін талдай келе мынадай заңдылықты байқадық: сауалнамаға қатысқандардың жасы неғұрлым үлкен болса, пікірлері соғұрлым бейтарап, егер отбасылық бақыт болмаса ажырасуға болады деп санайды (ересек жастағылар арасында көрсеткіш - 18,7%, ал 14-18 жас аралығындағы сауалнама қатысушылары бойынша - 13,3%). Керісінше, респонденттің жасы кіші болған сайын жастардың ажырасуына қарсылық білдірушілер қатары басым (көрсеткіш 51,4%, 24-29 жастағылар арасында көрсеткіш - 48,4%) (30-кесте).

30-кесте. «Сіз жас отбасылы адамдардың ажырасуына қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Мүлде қарсымын, әсіресе, балалар болғанда	51,4	50,9	48,4
Қарсы шығармын	29,0	28,8	30,2
Егер жас ерлі-зайыптылар некеде бақытты болмаса, ажырасумен аяқталады	13,3	17,3	18,7
Жауап бере алмаймын	6,2	3,0	2,6

Сауалнамаға қатысқан жастардың гендерлік белгілері жастардың ажырасуына қатысты пікірге әсер етпейді (31-кесте).

31-кесте. «Сіз жас отбасылы адамдардың ажырасуына қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелім бойынша, % өрнектелген)

	Ерлер	Әйелдер
Мүлде қарсымын, әсіресе, балалар болғанда	47,1	52,5
Қарсы шығармын	32,3	26,9
Егер жас ерлі-зайыптылар некеде бақытты болмаса, ажырасумен аяқталады	16,6	17,5
Жауап бере алмаймын	4,0	3,1

Нәтижелерге келсек, ажырасудың басты себебі қаржылық қиыншылықтар, мысалы: несие, ипотека, қарыздар және т.б., бұл мәселені жастардың 43,8% белгілеген.

Жастарды ажырасуға дейін апаратын екінші себеп - баспананың болмауы (38%). Сауалнама қатысушыларының төрттен бір бөлігі ажырасу себебін ерлі-зайыптылардың адал болмауы деп көрсеткен (25,1%). Тағы да төрттен бір бөлігінен астамы себеп ретінде жағымсыз қылықтарды атаған (ішімдікке салыну, темекі тарту, ойынқұмарлық) (25,9%) (32-кесте).

32-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жастар не себепті ажырасады, неліктен жас отбасы бұзылады?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Баспананың болмауына байланысты	38,0	41,5	35,8
Қаржылық қиыншылықтарға байланысты (несиелер, ипотека, қарыздар және т.б.)	43,8	49,1	40,3
Балалардың болмауы	17,6	18,8	16,8
Жастардың қарым-қатынасына ата-аналардың араласуы	17,5	17,9	17,2
Жұмысқа тұрудың қиындығы	14,9	14,0	15,5
Ерінің (зайыбының) тарапынан зорлық-зомбылықтың көрсетілуі	12,0	12,8	11,5
Баланың тууына, тәрбиеленуіне қатысты қиыншылықтар	6,5	7,5	5,9
Балалардың мектепке дейінгі мекемеге орналастырылуына қатысты қиыншылықтар	3,0	3,1	3,0
Ерінің (зайыбының) ата-анасымен қатым-қатынасқа байланысты қиыншылықтар	7,6	8,0	7,4
Жағымсыз әдеттер (ішімдікке салыну, темекі тарту, ойынқұмарлық)	25,9	26,3	25,7
Бос уақытты бірге өткізу мүмкіндігінің болмауы	3,9	4,7	3,4
Ерлі-зайыптылардың адал болмауы	25,1	28,5	22,9
Ортақ мүдденің жоқтығы, білім деңгейінің әр түрлі болуы	5,2	3,6	6,3
Ортақ көзқарастың, ұқсас пікірдің (саяси, діни) болмауы	4,2	4,7	3,9
Ерінің (зайыбының) тарапынан зорлық-зомбылықтың көрсетілуі, ерсілік	8,5	8,4	8,6
Біздің отбасымызда жанжал жоқ	4,0	2,0	5,3
Махаббат сезімінің өтуіне байланысты	-	-	0,1
Отбасылық өмірге дайын болмау	-	-	0,1
Жауап бере алмаймын	3,6	0,8	5,5

Жастардың көпшілігі, сауалнама нәтижелеріне қарайтын болсақ, отбасын сақтап қалу үшін орын алатын қиыншылықтарды шешуге тырысуға дайын. Сауалнама қатысушыларының 42,9% «Егер некеде қандай да бір көңіл толмаушылық туындаса, ажырасасыз ба?» сұрағына отбасылық қиыншылықтан қорықпаймын деген жауап берген. Сауалнама қатысушыларының үштен бірі «ажыраспайтын шығармын» деген жауапты таңдаған (29,2%).

Сауалнама қатысушылары арасындағы некедегі жастардың некеде емес жастарға қарағанда отбасылық қиыншылықтарды шешуге дайындықтарының басым екендігін атап айтқан жөн (33-кесте).

33-кесте. «Егер некеде қандай да бір көңіл толмаушылық туындаса, ажырасасыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Жоқ, отбасылық қиыншылықтан қорықпаймын	42,9	50,4	38,0
Солай деп санамайтын шығармын	29,2	30,8	28,2
Солай деп санайтын шығармын	10,2	8,5	11,3
Иә, ажырасамын	4,7	3,7	5,4
Ажырасқанмын	0,1	-	0,2
Жауап бере алмаймын	12,8	6,6	16,8

Ересек жастағылар (24-29 жас аралығындағылар) «Егер некеде қандай да бір көңіл толмаушылық туындаса, ажырасасыз ба?» сұрағына қарсылықтарын жиі білдіреді. Бұл жастағылар мәселенің шешімін табу орынды деп санайды (34-кесте).

34-кесте. «Егер некеде қандай да бір көңіл толмаушылық туындаса, ажырасасыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Жоқ, отбасылық қиыншылықтан қорықпаймын	36,3	42,3	46,5
Солай деп санамайтын шығармын	26,0	30,5	30,0
Солай деп санайтын шығармын	10,3	10,7	9,8
Иә, ажырасамын	3,9	4,9	5,1
Ажырасқанмын	-	0,2	0,2
Жауап бере алмаймын	23,4	11,4	8,4

5-тарау бойынша қорытындылар:

Сатистикалық деректер бойынша, жастар арасындағы ажырасу көрсеткіштері жыл сайын артып келеді. Осы сауалнаманың нәтижелері

бойынша, жастардың отбасылық өмірлерінің қалыптаспауының, ажырасуларының себебі - олардың отбасылық өмірге дайын болмаулары (50,9%).

Некедегі және некеде емес жастардың басым көпшілігі (79,4%) жас ерлі-зайыптылардың ажырасуына қарсы, некелі жастар да, некеде емес жастар да жас ерлі-зайыптыларының ажырасуына қарсылықтарын білдірді.


Сауалнама нәтижелерін талдай келе мынадай заңдылықты байқадық: сауалнамаға қатысқандардың жасы неғұрлым үлкен болса, пікірлері соғұрлым бейтарап, егер отбасылық бақыт болмаса ажырасуға болады деп санайды.

Жастардың арасындағы ажырасудың басты себептері – қаржылық қиыншылықтар (43,8%), баспананың болмауы (38,0%), жағымсыз дағдылар (25,9%) мен ерлі-зайыптылардың адал болмауы (25,1%).

6-ТАРАУ. ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зерттеу нәтижелеріне қарасақ, жастардың біздің қоғамдағы отбасында болатын зорлық-зомбылыққа қатысты пікірлері екіге жарылды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 49,1% отбасында қазіргі кезде зорлық-зомбылық бар деп жауап берді. Ал некелі жастардың арасындағы бұл сұрақ бойынша көрсеткіш жоғарылау – 54,8% (10-диаграмма).

10-диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, біздің қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Егер нәтижелерге жас ерекшелігі жіктелімі бойынша қарайтын болсақ, жағдай төмендегідей: сауалнамаға қатысушы жастар неғұрлым ересек болған сайын, отбасында зорлық-зомбылық бар деушілер қатары көп (көрсеткіш - 53,9%, 24 - 29 жас аралығындағылардың осынша бөлігі «иә» деп жауап берген) (35-кесте). 14-18 жастағылар отбасылық зорлық-зомбылық жоқ деп сенеді (сауалнамаға қатысқан жастардың 53,8% жауаптың «жоқ» деген нұсқасын таңдаған).

35-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, біздің қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімі бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Иә	39,6	48,9	53,9
Жоқ	53,8	47,4	43,5
Жауап бере алмаймын	6,7	3,6	2,6

Жалпы алар болсақ, ерлер мен әйелдердің отбасындағы зорлыққа қатысты пікірлері ұқсас (36-кесте).

36-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, біздің қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелім бойынша, % өрнектелген)

	Ерлер	Әйелдер
Иә	47,9	50,2
Жоқ	47,9	46,3
Жауап бере алмаймын	4,2	3,5

Респонденттер алдыңғы сұраққа келісім білдіретін жауап берген болса, оларға келесі сұрақ қойылды: «Отбасындағы зорлықты кім жиі көреді?», сауалнама қатысушыларының жартысынан көбі «әйелдер» деп көрсетті (53,4%). Жауаптың «әйелдер» деген нұсқасын таңдағандар қатарында некелі және өз отбасы бар жастардың көптігін айта кетейік (57,1%), некеде емес жастар арасында бұл көрсеткіш - 50,6%.

Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бір бөлігі "балалар" нұсқасын көрсеткен (37,1%).

Сауалнама қорытындысы бойынша ерлер мен қарттардың отбасылық зорлық-зомбылыққа сирек ұшырайтындықтары анықталды – 2,7% және 6,8%, сәйкесінше (37-кесте).

37-кесте. «Егер бар болса, Сіздің ойыңызша, отбасылық зорлыққа кім жиі ұшырайды?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Балалар	37,1	37,5	36,8
Ерлер	2,7	3,3	2,3
Әйелдер	53,4	57,1	50,6
Қарт адамдар	6,8	7,1	6,5
Жауап бере алмаймын	9,3	5,4	12,1


38-кесте. «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың қандай түрі жиі кездеседі?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Беттен тартып жіберу, итеру, теуіп жіберу	31,2	33,8	29,5
Жұдырықпен, әр түрлі заттармен ұру	28,2	33,1	25,0
Қарумен қорқыту немесе жарақаттау	5,2	4,8	5,5
Еркіне қарсы жыныстық қатынасқа түсу	7,7	8,1	7,5
Әйел адамның туыстарымен және достарымен араласуына кедергі болу	7,8	10,6	6,1
Шектен тыс қызғаншақтық көрсету	21,5	24,8	19,4
Отбасылық бюджетті бақылау және қаржылық шешімдерді бір жақты қабылдау	7,3	8,5	6,6

Әйел адамның оқуына, жұмыс жасауына және т.б. ниетіне қарсы болу	6,4	7,1	6,0
Балаларды тартып алу немесе ұрлап кету арқылы қорқыту	4,9	5,2	4,8
Сыртқы келбетін, дағдыларын, ақыл-ой қабілетін кемсіту	7,3	5,1	8,7
Отбасында зорлық-зомбылық жоқ	0,4	0,6	0,3
Жауап бере алмаймын	22,2	15,0	26,8

Сауалнама нәтижесіне сәйкес сауалнама қатысушыларының төрттен бір бөлігі отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған және ұшырап жүрген таныстарының бар екендігін атаған – 23,4%. Бұл сұраққа келісім білдіретін жауап бергендер қатарында отбасылы жастардың көп екендігін айта кету керек (28,5%), ал отбасылы емес жастарда көрсеткіш төмендеу (20,2%) (11-диаграмма).


11-диаграмма. «Сіздің таныстарыңыздың арасында отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшырған немесе ұшырап жүрген адамдар – ерлер/әйелдер/балалар бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жастар зорлық-зомбылыққа ұшырағанда арнайы қызметтердің көмегіне жүгінуге дайын емес. Келіседі, демек, көмекке жүгінемін деген жауапты таңдағандар - 16,2% (12-диаграмма).

Некелі және отбасы бар жастар арнайы қызмет көмегіне жүгінуге дайын еместігін жиі атады (69,0%), некеде емес жастар арасында көрсеткіш жоғары (62,1%).

12-диаграмма. «Егер Сіз отбасылық зорлық-зомбылық көрсеңіз және Сізге жәрдем керек болса, қажетті көмек алу үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көмегіне жүгінесіз бе?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Нәтижелерге көз жүгіртер болсақ, кіші жас тобының өкілдері отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшырайтын болса қажетті көмекті алу үшін арнайы әлеуметтік қызмет көмегіне жүгінеді, көрсеткіш - 18,1%, ересектер арасында көрсеткіш төмен – 15,1% (39-кесте).

39-кесте. «Егер Сіз отбасылық зорлық-зомбылық көрсеңіз және Сізге жәрдем керек болса, қажетті көмек алу үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көмегіне жүгінесіз бе?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелім бойынша, % өрнектелген)

	14 - 18 жас аралығы	19 - 23 жас аралығы	24 - 29 жас аралығы
Иә	18,1	16,5	15,1
Жоқ	58,3	65,2	67,8
Зорлық-зомбылық көрген жоқпын	-	0,3	0,5
Жауап бере алмаймын	23,7	18,0	16,6

Сауалнамаға қатысушы жас әйелдер қажетті көмек алу үшін әлеуметтік қызметке жүгінуге дайын екендіктерін жиі атады (20,5%), ерлер арасында көрсеткіш төмен (11,7%) (40-кесте).

40-кесте. «Егер Сіз отбасылық зорлық-зомбылық көрсеңіз және Сізге жәрдем керек болса, қажетті көмек алу үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көмегіне жүгінесіз бе?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелім бойынша, % өрнектелген)

	Ерлер	Әйелдер
Иә	11,7	20,5
Жоқ	68,6	61,2
Зорлық-зомбылық көрген жоқпын	0,2	0,5
Жауап бере алмаймын	19,5	17,8

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі әлеуметтік қызметке жүгінбейді, себебі, ұрсысты отбасынан шығару дұрыс емес деп санайды (27,0%). Оның үстіне бұл көрсеткіш некелі жастар арасында жоғары, некелі емес жастармен салыстырғанда – 32,5% және 23,5%, сәйкесінше.

Жастардың арнайы әлеуметтік қызмет көмегіне жүгінбеуінің тағы басқа себебі - олардың мұндай қызметтің бар екендігінен бейхабар болуы. Сауалнама қатысушыларының 21,3% мұндай арнайы әлеуметтік қызметтің бар екендігін және олардың қайда орналасқандығын білмейтіндіктерін айтқан (41-кесте).

41-кесте. «Сіз неліктен арнайы әлеуметтік қызметке көмек алу үшін бармайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Сын мен түсініспеушіліктен қорқамын	8,1	7,7	8,4
Әлеуметтік қызмет жұмыскерлерінің біліктілігіне сенбеймін	13,0	14,0	12,4
Отбасы ішіндегі жанжалды ұядан шығару орынсыз деп санаймын	27,0	32,5	23,5
Әлеуметтік қызметтердің бар екендігі және қайда орналасқандықтары туралы ештеңе білмеймін	21,3	20,7	21,7
Қажеті жоқ	0,1	0,3	-
Мен жүгінемін	13,2	12,5	13,6
Мен ер адаммын, өзімді қорғай аламын	0,1	-	0,1
Олар ешқандай көмек көрсете алмайды	0,2	0,4	0,1
Жауап бере алмаймын	17,0	12,0	20,3

6-тарау бойынша қорытындылар:

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі қашан да, қай елде болмасын кездескен. Ал қоғамның бұл жағдайды шешуге қаншалықты дайын екендігі басқа мәселе, отбасындағы әлімжеттілікпен күресу - өз алдына үлкен шаруа. Сауалнамаға қатысушы жастардың пікірлері екіге жарылды – бір жартысы сұрақпен келісетін жауапты білдірсе (49,1%), келесі жартысы келіспейтіндіктерін айтты (47,1%).

Зерттеудің нәтижелерін талдайтын болсақ, жастардың ересек тобы біздің қоғамдағы отбасында зорлық-зомбылық пен әлімжеттік көрсету жиі кездеседі деп айтады (53,9%).

Әлімжеттілікке көбіне әйелдер (53,4%) мен балалар ұшырайды (37,1%), ер адамдар мен (2,7%) қарттар арасында (6,8%) бұл сирек кездесетін жағдай.

Сауалнама қатысушыларының төрттен бір бөлігі отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған және ұшырап жүрген таныстарының бар екендігін атаған – 23,4%.

Жастар зорлық-зомбылыққа ұшырағанда арнайы қызмет көмегіне жүгінуге дайын емес. Келіседі, демек, көмекке жүгінемін деген жауапты таңдағандар - 16,2%.


Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі әлеуметтік қызметке жүгінбейді, себебі, ұрсысты отбасынан шығару дұрыс емес деп санайды (27,0%). Ал жастардың арнайы әлеуметтік қызметке бармауының басқа себебі - жастардың мұндай қызметтердің бар екендігінен бейхабар болуы (21,3%).

7-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАС ОТБАСЫН ҚОЛДАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүниежүзілік тәжірибеге сай жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуінде оларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау аса маңызды. Осы зерттеудің нәтижелері сауалнамаға қатысушы жастардың 3,5% ғана жастардың мәселесін мемлекет шеше алады деп айтқандығын көрсетіп отыр.

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі (77,6%) жауаптың «ерлі-зайыптылардың өздері» деген нұсқаны таңдаған (13-диаграмма).

13-диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жас отбасылардың мәселелерін кімнің шешуі керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан аз бөлігі Қазақстан жастары әлеуметтік тұрғыдан қорғалған және мемлекет тарапынан қолдау көріп отыр деп санайды (48,6%). Сауалнамаға қатысушы жастардың үштен бір бөлігі жас отбасылардың елімізде әлеуметтік қорғалмағандығын айтқан (30,1%), ал сауалнама қатысушыларының 16% жас отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік көмек туралы ешқашан естімеген. Осылайша, сауалнама қатысушыларының жартысынан астамы Қазақстандағы жас отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың бар екендігіне қатысты қарсы жауап берді.


Айта кететін жайт, некелі жастардың некеде емес жастармен салыстырғанда баға беруі қатаңдау. Сауалнамаға қатысқан отбасылы жастардың 37,6% республикада жас отбасына көрсетілетін жәрдем жоқ деген (42-кесте).

42-кесте. «Сіз Қазақстанда жас отбасылар мемлекет тарапынан әр түрлі жеңілдіктер, бағдарламалар және т.б. жобалар түріндегі әлеуметтік көмек көріп отыр деп санайсыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Иә, солай деп санаймын	23,6	24,9	22,8
Солай деп санайтын шығармын	25,0	25,8	24,5
Солай деп санамайтын шығармын	18,8	23,0	16,1
Жоқ, солай деп санамаймын	11,3	14,6	9,2
Әлеуметтік көмек және жас отбасылардың қорғалуы туралы ешқашан естіген емеспін	16,0	9,7	20,1
Жауап бере алмаймын	5,1	1,9	7,2

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан аз бөлігі (44,9%) еліміздегі жас отбасыларды қорғау саясатын тиімді деп санайды немесе тиімді деген ойда. Ал жастардың үштен бір бөлігі еліміздегі бұл істі тиімсіз деп санайтындықтарын айтты (30,9%). Тағы 18,3% жас отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат туралы ештеңе естімеген және білмейді (14-диаграмма).

14-диаграмма. «Сіз еліміздегі жас отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жас отбасыларды қолдаудағы мемлекеттік саясаттан сауалнамаға қатысқандардың арасында бейхабар жастардың көбісінің некеде еместігін айта кету керек (23,1%), некедегі жастармен салыстырғанда (10,8%). Дегенмен, сауалнамаға қатысқан некелі жастар жас отбасыларды қолдаудың мемлекеттік саясатына беретін бағалары төмен. Мысалы, жеке отбасы бар жастардың 38,1% мемлекеттік саясатты тиімді емес немесе тиімді емес шығар деп бағалайды (43-кесте).

43-кесте. «Сұраққа алынған жауаптың жіктелімі: Сіз еліміздегі жас отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Тиімді	21,4	17,2
Тиімді шығар	26,7	25,7
Тиімсіз шығар	23,3	16,8
Тиімсіз	14,8	9,5
Жас отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат туралы ештеңе естіген емеспін және білмеймін	10,8	23,1
Жауап бере алмаймын	3,1	7,7

Зерттеу нәтижесінен байқап отырғанымыздай, жастардың жас отбасын қорғау бағдарламаларына, атап айтқанда баспана бағдарламаларына қатысу деңгейі төмен. Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкінің «Жас отбасы» бағдарламасына сауалнамаға қатысушы жастардың 8,0% ғана қатысқан, тағы жартысы (50,5%) бағдарлама туралы естіген.

Жаңа «Нұрлы жер» бағдарламасы туралы білетіндер саны одан да аз – 3,4%. Ал бағдарламалар туралы ештеңе білмейтіндер саны сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көп – 51,3% (44-кесте).

44-кесте. «Сіз жас отбасыларды қолдауға арналған қандай бағдарламаларды білесіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Білемін, қатысқанмын	Естігенмін, бірақ қатысқан жоқпын	Білмеймін
1. «Жас отбасы» бағдарламасы бойынша берілетін баспана (ТҚЖБ)	8,0	50,5	41,5
2. «Нұрлы жер»	3,4	45,3	51,3

Жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатыспауларының басты себебі – өте ұзақ күту керек (19,9%), жемқорлық (бағдарлама қатысушыларының қатарына ілігу үшін біреудің қолына ақша беру керек) (18,6%), ипотекаға алынатын баспананың банктік пайыздарының мөлшері үлкен (18,0%) (45-кесте).

45-кесте. «Егер мемлекеттік бағдарламаға қатыспаған болсаңыз, неліктен екенін атап өтіңіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Бюрократия, қажетті құжаттарды жинау үшін көп уақыт пен күш-жігер жұмсау керек	17,5	21,1	15,1
Жемқорлық, бағдарлама қатысушыларының тізіміне ілігу үшін біреудің қолына ақша беру керек	18,6	22,4	16,2
Ипотекаға берілетін баспананың банктік пайызының мөлшері үлкен	18,0	24,3	13,9
Қосымша жеңілдіктер қарастырылмаған	7,2	8,7	6,3
Өте ұзақ күту керек	19,9	19,7	20,0
Бұл еш пайдасы жоқ іс деп санаймын	13,2	16,0	11,4
Мен мемлекеттік бағдарламаға қатысқанмын	4,1	7,9	1,7
Басқа <i>(азаматтығымды ауыстыруды жоспарлап жүрмін, мемлекеттік бағдарламалар туралы сұрастырған емеспін, барлығына өз күшіммен қол жеткіземін, алдағы уақытта қатысуды жоспарлап жүрмін, мемлекеттік бағдарламалар туралы ештеңе білмеймін, баспана сапасыз, жөндеу жұмыстары қымбатқа түседі, іріктеу шарттары бойынша сай емеспін, ата-анам шешеді, мен жас отбасы емеспін)</i>	4,9	1,7	5,4
Жауап бере алмаймын	24,8	12,3	32,8

Сауалнаманың нәтижелері көрсетіп отырғандай, сауалнамаға қатысушы жастардың жартысынан аз бөлігі отбасын құруды жоспарлау мен отбасылық өмірге дайындауды жүзеге асыратын арнайы қызмет құру керек деп санайды (39,7%). Ал отбасылы жастар мұндай қызметтің керектігін жиірек айтады (48,1%), отбасылы емес жастар бұл туралы сирек айтады (34,3%). Ал жеке отбасы жоқ жастардың басым бөлігі көбіне бұл туралы ойланбағандықтарын айтты (34,4%) (46-кесте).

46-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіз тұрып жатқан елді мекенде (қалада/ауылда) отбасын құруды және баланың өмірге келуін жоспарлау жөніндегі арнайы қызмет, ұйым құру керек пе?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Иә, жастардың кеңес алып, сұрақтарын қоюлары үшін мұндай ұйым құру керек	39,7	48,1	34,3
Жоқ, мұндай қызмет керек емес, себебі отбасын құру және баланың өмірге келу мәселелерін отбасы ішінде шешу керек	23,9	26,5	22,3
Бұл туралы әзірге ойланбаппын	28,5	19,5	34,4
Жоқ, қажет емес, себебі бұл пайдасыз әрекет	0,2	0,3	0,2
Жауап бере алмаймын	7,5	5,7	8,7

47-кесте. «Сіздің ойыңызша ең алдымен жас отбасы өмірінің қандай бағыттарының заңды тұрғыда реттелуі керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Баспана	51,6	56,9	48,2
Жұмыспен қамтылу	42,0	44,0	40,7
Тұрмыстық	11,8	12,5	11,4
Психологиялық жағдай	7,8	8,8	7,2
Құқықтық	15,9	17,7	14,8
Отбасылық өмірге дайындау	10,8	10,2	11,3
Баланың өмірге келуі мен оның тәрбиесі	6,5	7,5	5,9
Демалыс, бос уақыттың тиімді өткізілуі	2,6	1,8	3,1
Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары	7,7	7,4	7,9
Бала мен ата-ана қарым-қатынасы	3,4	2,9	3,7
Жауап бере алмаймын	9,1	4,2	12,3

48-кесте. «Сізге төмендегі мамандардың көмегі қажет болды ма? Сіз мүмкін кеңес алу үшін оларға жүгінгіңіз келген шығар, бірақ қайда екенін білмеген боларсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Кеңес алу керек болған, бірақ барған жоқпын	Бұрын кеңес алу үшін жүгінгенмін	Ешқашан барған емеспін, қажеті жоқ
1) Психолог	9,8	7,3	82,9
2) Отбасын жоспарлау және отбасылық қарым-қатынас жөніндегі маман	5,3	4,4	90,3
3) Заңгер (азаматтық отбасылық даулар бойынша)	6,4	7,1	86,5
4) Қаржылық кеңесші	8,2	7,8	83,9

Сауалнама нәтижесі бойынша жастар арасындағы туу көрсеткішін келесі шаралар арттыра алады: жеңілдікпен баспана беру немесе жер телімін беру (34,3%), аналық капитал беру (28,3%), жүктілік пен босануға байланысты берілетін жәрдемақыны ұлғайту (27,8%). Осылайша, бала туу көрсеткішін арттыратын шара болашақ ата-ананың материалдық жағдайының жақсаруына әкелмек. Жаңа балабақшалар салу және медициналық қызметтер сапасын арттыру сияқты шаралар сирек аталды – 5,0% және 8,3%, сәйкесінше (49-кесте).

49-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, қандай шара жас отбасылар арасындағы бала туу көрсеткішін арттыра алады?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Сауалнамаға қатысқандардың барлығы	Некедегі жастар	Некеде емес жастар
Аналық капитал беру	28,3	32,3	25,8
Жүктілік пен бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақыны арттыру	27,8	34,0	23,8
Жеңілдікпен баспана/жер телімін беру	34,3	36,4	33,0
Жаңа мектепке дейінгі білім беру мекемелерін салу	5,0	4,2	5,5
Көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыру	8,3	8,5	8,1
Басқа (<i>хал-ахуалды жақсарту, елдегі жемқорлықты жою, басқа елдердің тәжірибесіне сүйену</i>)	0,2	0,2	0,4
Жауап бере алмаймын	11,9	2,8	17,9

7-тарау бойынша қорытындылар:

Жас отбасыларға әлеуметтік көмекті көрсету керек-ақ, мәселе жастардың мемлекеттік әлеуметтік көмектің мәнісін түсіне бермеуінде болып отыр. Сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі отбасы мәселелерін шешуде тек өз күштеріне сене алады (77,6%).

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан аз бөлігі Қазақстан жастары әлеуметтік тұрғыдан қорғалған және мемлекет тарапынан қолдау көріп отыр деп санайды (48,6%). Сауалнамаға қатысушы жастардың үштен бір бөлігі жас отбасылардың елімізде әлеуметтік қорғалмағандығын айтқан (30,1%), ал сауалнама қатысушыларының 16% жас отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік көмек туралы ешқашан естімеген.

Мемлекеттің жас отбасыларды қолдаудағы саясатын сауалнамаға қатысушы жастардың тек 44,9% ғана бағалаған. Сауалнама қатысушыларының үштен бірі мемлекеттік саясатты тиімсіз деп санайды (30,9%).

Жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатыспауларының басты себебі-өте ұзақ күту керек (19,9%), жемқорлық (бағдарлама қатысушысы

қатарына ілігу үшін біреудің қолына ақша беру керек) (18,6%), ипотекаға алынатын баспананың банктік пайыздарының мөлшері үлкен (18,0%).

Сауалнаманың нәтижелері көрсетіп отырғандай, сауалнамаға қатысушы жастардың жартысынан аз бөлігі отбасын құруды жоспарлау мен отбасылық өмірге дайындауды жүзеге асыратын арнайы қызмет құру керек деп санайды (39,7%). Ал отбасылы жастар мұндай қызметтің керектігін жиірек айтса (48,1%), отбасылы емес жастар бұл туралы сирек айтады (34,3%).

ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасы институтын нығайту мен дамыту мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты болып табылады, десек те, бірқатар шешімін таппаған мәселелер бар: ерте ана атану, әлеуметтік жетімдік, жастар арасындағы жиі ажырасу, тұрмыстық жәбір көрсетушілік, жастардың қартайған ата-аналары мен ересек жастағы жақындары үшін жауапкершілікті мойындарына алмауы.

Зерттеу бойынша анықталған көрсеткіштер отбасының жастар үшін ең басты құндылық болып қалатындығын көрсетіп отыр. Бұрыннан қалыптасқан көптеген ұстанымдар мен құндылықтардың өзгеру тенденциясы байқалады, дәстүрлі құндылықтар кейін қалған, жаңаша құндылықтар алдыңғы қатарда, дегенмен, жастардың басым бөлігінде қалыптасқан құндылық сипатында отбасы маңыздырақ. Әрбір тұлға дәл осындай құндылықтар негізінде өмірде өз таңдауын жасайды, өз дүниесін қандай да бір мәнге, маңыздылыққа толтырады, құндылық әлеуметтік белсенділіктің негізі, бұл адамның мінез-құлқына, әлеуметтік бағыт-бағдарды ұстануына және қоршаған ортаға деген көзқарасына, өзіне және өзгеге деген пікіріне әсер етеді.

Жоғарыда аталған қиыншылықтардың толық талдауы сол қиыншылықтардың пайда болу себептерін анықтауға мүмкіндік беріп, мемлекеттік орган қызметкерлерінің, оқу орындарының ұстаздарының, жастар ұйымы көшбасшыларының әрбір қазақстандық отбасындағы құндылықтар жүйесінің дамуы мен нығайтуына көңілдерін аудартып отыр. Отбасы институтын дамыту төңірегінде қарастырылған құндылықтар жүйесі қазіргі заман жастарымен атқарылатын жұмыстың ғылыми-әдістемелік бағытын анықтауға жағдай жасайды. Отбасының құндылық ретінде насихаттау өскелең буын үшін аса маңызды шара, құндылықты насихаттаудың бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми-публицистикалық әдебиеттер арқылы жүзеге асырылатын әдістерін қалыптастыруды талап етеді. Теле және радио жарнамалардың эфирде болуы уақыт өте келе оң нәтиже береді деп үміттенеміз. Барлық мемлекеттік телеараналарда әлеуметтік бейне-үзіктердің тегін көрсетілуін мемлекеттік тұрғыда қолдау керек. Әлеуметтік жарнаманың тәрбиелік маңызы үлкен.

Бүгінгі таңда мемлекеттік әлеуметтік саясат алдында тұрған мәселелерді шешу уақыт талабына сай болмай отыр. Бір жағынан қоғамның трансформациялануы жағдайына тұспа-тұс келген отбасында азаматтар санасында мәртебесінің негізгі құндылық ретінде сақталу тенденциясы бар, екінші жағынан дәстүрлі отбасы институты да өзгерістерге ұшырап отыр. Отбасы институтының әлсізденуі салдарынан дәстүрлі отбасылық құндылықтар өз маңызын жоғалтып, балама құндылықтарды алға шығарып отыр - өзін-өзі кәсіби тұрғыдан көрсету, қызметтік лауазым, материалдық тәуелсіздік, әлеуметтік тұрақтылық. Материалдық құндылықтардың соңына түсіп, негізгі құндылықтың адам және отбасы екендігін ұмытамыз.

Осылайша, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа интеграциялануы кезеңінде жас қазақстандықтардың санасында отбасы трендін адамның әлеуметтенуінің ең маңызды факторларының бірі ретінде қалыптастыру өте маңызды. Қазақстандық қоғамның жаңғырту кезеңіндегі басым бағыттардың бірі - бұл мемлекеттік отбасы саясатының қалыптасқан үлгісін жетілдіру, жаңа стратегиялар қалыптастыру.

Қазір проблеманың бар екендігін айтумен ғана шектелуге болмайды, қазақстандықтарды толғандыратын мәселелердің шешімін табу амалдарын қарастыру керек. Отбасы қоғамның ұяшығы болып табылатындығына байланысты сол қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сезімтал келеді. Қазақстанда отбасы институтының нәтижелі қызмет етуіне жағдай жасау үшін келесі мәселелерді шешуге бағытталған бірқатар шараларды атқару керек деп санаймыз: ерте ана атану, әлеуметтік жетімдік, жастар арасындағы жиі ажырасу, тұрмыстық жәбір көрсетушілік, жастардың қартайған ата-аналары мен ересек жастағы жақындары үшін жауапкершілікті мойындарына алмауы.

Ұсыныстар:

Тұрмыстық жәбір көрсету мәселесін шешу үшін:

ата-аналарды тәрбиелік және сауықтыру шараларына қатыстыру;

бұқаралық ақпарат құралдарының әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың айыпқа саналатындығын жеткізетін өнім қалыптастыру жұмыстарын үдету, сондай-ақ, дұрыс отбасылық саясат үлгілерін қалыптастыру;

әйелдерге көрсетілетін зорлық-зомбылық бойынша қолданыстағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету секторының мүмкіндіктерін арттыру және тіркелген жәбірлеу жағдайларына тиісінше көңіл бөлу;

әрі қарай сандық және сапалық зерттеулер жүргізу, әйелдерге қатысты жәбірлеу жағдайларына мониторинг жасап, атқарылып жатқан шараларға баға беру;

тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған жағдайда "шыдамдылық таныту керек, бәрі де өткінші" деген стереотиптен айығу;

оқу жоспарларына кураторлық сағаттар төңірегінде жоғары оқу орындарында тұрмыстық жәбірлеудің алдын алу тақырыптарын енгізу;

оқу орындарының мұғалімдері мен оқытушылар құрамын тұрмыстық зорлық-зомбылық көру белгілерін анықтау және оның алдын алу әдістері бойынша үнемі арнайы оқудан өткізуді ұйымдастыру; анықталған тұрмыстық жәбір айғақтары, гендерлік аспектілер мен тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша мектеп оқытушылары мен оқу орындары ұстаздары үшін жасалатын есеп формаларын жетілдіру.

Жастар арасындағы ажырасудың алдын алу мақсатында келесі бағыттар бойынша жұмыс жасауды ұсынамыз:

некені тіркеу алдында жастарға психологиялық кеңес курсынан өтуді меңзеу, мәселен, отбасылық дауларды шешу, қарым-қатынас психологиясы, өмірдің әр түрлі кезеңіндегі өзара қарым-қатынас психологиясы, жас отбасындағы дағдарыстардан өту амалдары;

жас отбасыларға арналған баспана бағдарламалары бойынша, неке шартын жасау бойынша заңгерлік кеңес беру;

отбасын жоспарлау орталықтары негізінде жас ата-аналар үшін арнайы курс өткізу, бағдарламасына міндетті түрде отбасын жоспарлау, отбасылық тәрбие сұрақтарын енгізу;

отбасылық өмірді қалыптастыруға эмоциялық тұрғыда бейімдеу тренингтерін өткізу;

бұқаралық ақпарат құралдарының берік отбасы образын насихаттау жұмыстарын үдету және атқарылатын жұмыстарды телеарналар арқылы тарату;

бір жағынан – берік отбасы образын бағдарламалар циклы арқылы қалыптастыру, екінші жағынан - статистикалық мәліметтерді келтіре отырып ажырасудың құпталмайтындығын насихаттау;

«Отбасылық өмір өнері», «Өмір бойы бірге» сияқты бағдарламалар топтамасын жасау.

Жастардың қартайған ата-аналары мен егде жастағы жақындары үшін жауапкершілігін қалыптастыру мәселесі бойынша:

ата-аналарды тәрбиелік және сауықтыру шараларына қатыстыру (қарт, медициналық-әлеуметтік мекемедегі тұлғаларды қатыстыра отырып олардың медициналық-әлеуметтік мекемеге қалай түскендігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізу) керек. Өздері тәрбиелеп, бағып-қағып өсірген балалары қарттар үйіне аттандырып отыр ғой. Осы тұрғыдан алғанда олар өздерінің баласына берген тәрбиесінің дұрыс болмауының салдарынан зардап шеккен болуы мүмкін, өздері берген тәрбие арқылы балаларының бойында өзге құндылықтардың қалыптасқан болуы мүмкін;

бұқаралық ақпарат құралдарының тұрмыстық жәбірді айыптайтын өнім жасап, зорлық-зомбылықтың алдын алатын шараларын үдету;

Қазақстан Республикасындағы қарт адамдардың құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін заң қабылдау;

ата-анасын медициналық-әлеуметтік мекемеде қалдырған адамдардың аты-жөнін көрсете отырып, олардың мұндай қылығын қатты сынға алатын әлеуметтік бейне-үзіктер жасау;

жастардың қарттар мен егде жастағы адамдарға қатысты саналы болуын әлеуметтік бейне-үзіктер, әлеуметтік жарнамалар арқылы қалыптастыру, бұл қоғамның әлеуметтік дертін емдей алады;

жас қазақстандықтардың бойында қарттар мен егде жастағы адамдарға қатысты дұрыс ұстанымдар қалыптастыру, халықты әлеуметтік қорғау ұйымының қызметі туралы ақпараттандыру жұмыстарын үдету, қарттардың қоғамдық ұйымдарымен және бірлестіктерімен бірге атқарылатын жұмыстарды үдету;

жастардың қарттар үйінде тұратын егде жастағыларға және қарттарға барып тұруына рұқсат ету: кездесулер ұйымдастыру, бірлескен шаралар өткізу, студенттердің, жоғары сынып оқушыларының және т. б. еріктілердің көмегімен концерттер ұйымдастыру.

Осы зерттеудің нәтижесінде анықталған мәліметтердің негізінде жас қазақстандықтардың санасында отбасы құндылығын қалыптастыру бойынша бірқатар ұсынымдар әзірленді:

жергілікті атқарушы органдарға - гранттық қаржыландыру төңірегінде сау және берекелі отбасын сақтап қалуға ниетті жас жігіттер мен қыздарға, жас ерлі-зайыптыларға арналған жобаларды, сонымен қатар отбасылық жанжалдар мен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында медиация негіздерін үйрететін жобаларды қолдау, әке және ана атауын мәдениетін қалыптастырудағы рөлін арттыру үшін отбасы мәселелері бағытында жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдарды, отбасы клубтарын дамытуға, отбасылық демалысты ұйымдастыруға, отбасы күні мерекесін атап өтуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды қолдау;

бұқаралық ақпарат құралдарына - заманауи қазақстандық жастардың неке және отбасы мәселелері бойынша ақпараттандырылуын әлеуметтік желі ресурстарын, кезеңдік баспа құралдарын пайдалану арқылы, сондай-ақ отбасылық жәбірге, ажырасуға, жетімдікке қарсы көзқарасты білдіретін бейне-үзіктер көрсету арқылы арттыру, жастар арасында отбасы образына қатысты позитивті пікірді театрландырылған қойылымдар, теле және радио-бағдарламалар арқылы насихаттау;

қанаты кең (көп буынды) отбасы образын насихаттау бойынша атқарылатын көп салалы жұмыстарды ретке келтіріп, жүйелендіру, бұл әр түрлі буын өкілдерінің арасындағы аса берік отбасылық қарым-қатынастың тұрақтылығының, өзара түсіністіктің кепілі екендігін көрсетеді, ересек буын тәжірибесін бұқаралық ақпарат құралдарында бағдарламалар топтамасын телеарналар арқылы көрсету жолымен жеткізу, позитивті қысқа бейнеүзіктер көрсету, танымал әлеуметтік желілерде осы тақырып бойынша жарияланымдар шығару;

әлеуметтік қызметтер жұмысын үдету: қауіп-қатерге ұшыраған топ қатарына жататын отбасыларға әлеуметтік жәрдем көрсету және оларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету; өмірлік қиын жағдайға ұшыраған жас қыздарға жәрдем жасау;

кездесу, пікір алмасу, дөңгелек үстелдер түрінде ағарту жұмыстарын үдету, оған діни конфессиялардың өкілдерін, медицина қызметкерлерін, отбасылық өмір мен бала тәрбиесі бойынша тәжірибелері бар үлгілі отбасылық жұптарды, жастар мен білім беру мекемесінде дәріс алушыларды қатыстыру. Отбасылық құндылықтарды сақтау, некеге тұруға дайындалу,

репродуктивті денсаулық, бала тәрбиелеу мәселелері бойынша атқарылатын жұмыстар барысында білім беру мекемелерінің кездесу, пікір алмасу, дөңгелек үстелдер сияқты тәжірибелерін пайдалану, оған діни конфессиялардың өкілдерін, медицина қызметкерлерін, отбасылық өмір мен бала тәрбиесі бойынша тәжірибелері бар отбасылық үлгілі жұптарды, жастар мен білім беру мекемесінде дәріс алушыларды қатыстыру.

ҚОСЫМША**Жастармен жүргізілетін сауалнама сұрақнамасы**

Құрметті респондент! Менің есімім _____ . Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының интервьюерімін (Астана қаласынан). Сіздің Қазақстандағы жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуін зерттеуге арналған әлеуметтік сауалнамаға қатысуыңызды өтінеміз. Сізге бірнеше сұрақ қойылады және жауап нұсқалары ұсынылады. Осы сұрақтар мен ұсынылған жауаптардың нұсқаларын толық тыңдап алыңыз да, Сізге қолайлы жауапты таңдаңыз. Егер ұсынылған жауап нұсқаларының ешқайсысы Сіздің ойыңызға сай келмейтін болса, өз жауабыңызды «басқа» бағанында көрсетіңіз.

Алынған ақпараттар тек жалпылама түрде қолданылатын болады.

Сіздің пікіріңіздің жасырын және құпия түрде сақталатындығына кепілдік беремін.

1. Сіз өзіңіздің өміріңіздің ағымдық ахуалын қалай бағалайсыз? (жауаптың тек бір нұсқасын белгілеңіз)

1. Менің өмірім керемет
2. Менің өмірім айтарлықтай жақсы
3. Менің өмірім жақсы шығар
4. Менің өмірім жақсы да емес, жаман да емес
5. Менің өмірім жаман шығар
6. Менің өмірім айтарлықтай жаман
7. Менің өмірім мүлде жаман
8. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

2. Аталғандар арасынан Сіз үшін не ең маңызды? (жауаптың ҮШ НҰСҚАСЫН таңдауға болады)

1. Жеке басымның денсаулығы, жақындарымның денсаулығы
2. Отбасы, бала-шаға және ата-ана
3. Достар
4. Жақсы лауазым, жоғары біліктілік
5. Ақша, материалдық игілік
6. Махаббат, сүйікті жан
7. Жақсы білім, біліктілік алу
8. Өзіндік даму, тұлғалық ерекшелік, мақсатқа қол жеткізу
9. Отанға қызмет ету
10. Салт пен дәстүрді сақтау
11. Сенім, дін
12. Құқық пен бостандықтың сақталуы
13. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

3. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай Сіздің отбасыңыздағы жалпы климатқа әсер ете ме?

1. Иә, отбасымызда қаржылық қиыншылықтарға байланысты жанжал туындайды
2. Иә, көп жұмыс істейміз, сондықтан барлық отбасы сирек бас қосады
3. Жоқ, сыртта болып жатқан жағдайлар отбасымыздағы жағдайға әсер ете алмайды
4. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап бере алмаймын

4. Сіз өз денсаулығыңызды қалай бағалайсыз?

1. Денсаулығым өте мықты, мүлде ауырмаймын
 2. Жақсы, сирек ауырамын
 3. Қанағаттанарлық
 4. Жаман, жиі ауырамын
 5. Өте әлсіз, жиі және ұзағынан ауырамын
- (99) Жауап бере алмаймын

5. Соңғы алты ай ішінде дәрігерге, емханаға/медициналық орталықтарға бардыңыз ба?

1. Иә, өзім бардым
 2. Иә, баламмен бардым
 3. Жоқ, барған жоқпын
 4. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап бере алмаймын

6. Егер Сіз соңғы алты ай ішінде дәрігерге, емханаға/медициналық орталықтарға барған болсаңыз, ол мемлекеттік емхана болды немесе жеке медицина орталығы болды ма?

1. Тұрғылықты/тіркелген жер бойынша қалалық емхана
 2. Отбасылық-дәрігерлік амбулатория
 3. Жеке медицина орталығы
 4. Басқа (жазыңыз) _____
 5. Дәрігерге барған жоқпын
- (99) Жауап бере алмаймын

7. Сіздің елді мекеніңізде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?

1. Толық көңілім толады, мен дәрігерлерімізге сенемін
 2. Арасында көңілім толады, білікті дәрігер мен медицина қызметкері көбіне кездесе бермейді
 3. Мүлде көңілім толмайды, бізде өз ісінің шеберін кездестіру қиын
 4. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап бере алмаймын

8. Сіз әдетте бос уақытыңызды қалай өткізесіз? (жауаптың ҮШ НҰСҚАСЫН таңдауға болады)

1. Бос уақытымды үйде, отбасыммен бірге өткіземін
2. Отбасыммен, жақындарыммен бірге табиғатқа шығамын
3. Теледидар, видео қараймын
4. Музыка тыңдаймын
5. Интернетте араласамын, компьютерлік ойындар ойнаймын
6. Спорт секциясына барамын, спортпен айналысамын
7. Кітап оқимын, сурет саламын, музыкамен айналысамын
8. Достарыммен, таныстарыммен кездесемін
9. Қосымша жұмыс істеймін
10. Театрға, операға, концерттерге барамын
11. Кинотеатрға барамын
12. Кәсіби курстарға барамын
13. Тіл үйрену курстарына барамын
14. Мешітке/шіркеуге барамын

